

САЯСАТ

ЖАҢА САЯСИ
МАУСЫМДА БІЗДІ
НЕ КҮТІП ТҮР?

2

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҢАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №77 (6639) 26 тамыз, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

САРАПТАМА

Қазақстан мен Қырғызстан:

ОРТАҚ МҮДДЕ, БЕРІК САЯСИ ҰСТАНЫМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қырғызстанға ресми сапары екі ел арасындағы достық қатынастың дамуына тың серпін берді

Орталық Азияда аймақтық интеграция соңғы жылдары дамудың жаңа сатысына көтерілді. Өңір елдері арасындағы мәселелер біржола шешімін тауып, стратегиялық әріптестік сарынында дамуда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қырғызстанға ресми сапары қос елдің мүддесі мен саяси ұстанымдарының ортақ екендігін көрсетті.

МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТТАРҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Ресми сапар аясында қос ел Президенттері келіссөз жүргізіп, Қазақстан мен Қырғызстанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің жетінші отырысына қатысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровты «Алтын Қыран» орденімен марапаттады. Екі ел арасында су-энергетика, логистика, мәдени-гуманитарлық саладағы байланыс жүйелі түрде дамып келеді. Трансшекаралық су ресурстарын тиімді пайдалану аймақтағы тұрақтылық пен орнықты дамудың маңызды факторына айналды. Аталған салаларда бірнеше маңызды құжаттарға қол қойылды. Биыл VII рет өткізіліп отырған Қазақстан мен Қырғызстанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің отырысында тараптар екіжақты тауар айналымын 2030 жылға қарай 3 миллиард долларға дейін ұлғайту бойынша Жол картасын қабылдады.

2



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

ҚУРАҒАН АҒАШТАР ЖОЙЫЛЫП, ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТЕР ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Алматы әкімі 1 қыркүйекке дейін қаланы жан-жақты дайындауды тапсырды

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасын жүзеге асыру мәселелері бойынша жиын өткізді.

Экология және қоршаған орта басқармасының басшысы Мирас Гайсин құраған ағаштарды жою, қаланы санитарлық тазалау және жасыл желектерді қырку жұмыстары жөнінде баяндады. Әкімнің тапсырмасымен мониторингтік топтар құрылып, олар әсіресе мектептер мен балабақшалардың маңындағы ағаштардың жай-күйін тексеруде.

Білім басқармасының басшысы Сайран Сайфеденов білім беру ұйымдарының аумақтарындағы санитарлық қырку жұмыстары және «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында оқушылар мен ұстаздардың қатысуымен өткізілетін экологиялық акциялар туралы айтты.

Дәрхан Сатыбалды 1 қыркүйекке дейін барлық қазылған жерлерді қалпына келтіріп, ағаштарды санитарлық қырудан өткізіп, аулаларды абаттандырып, көшелер мен әлеуметтік нысандарда тазалықты қамтамасыз етуді тапсырды.



«Жаңа оқу жылы басталғалы тұр. Алматы оқушыларды таза әрі жасыл қала болып қарсы алуы маңызды. Әрбір нысан – мектеп, балабақша, емхана – бірізді тәртіппен, жа-рығы дұрыс жұмыс істеп тұруы және жағдайы тұрақты бақылауда болуы қажет», – деді қала әкімі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

www.aqshamnews.kz

91 772223 237006



ЖОҒАРЫ МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ КЕҢЕС

Қазақстан мен Қырғызстан:

ОРТАҚ МҮДДЕ, БЕРІК САЯСИ ҰСТАНЫМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қырғызстанға ресми сапары екі ел арасындағы достық қатынастың дамуына тың серпін берді

(Басы 1-бетте)

МЫЗҒЫМАС МӘДЕНИ
БАЙЛАНЫС

Екі елдің кемеңгер тұлғалары – Тоқтоғұл мен Абай, Шыңғыс пен Мұхтар бабалар негізін салған Қазақ-Қырғыз байланысы қай деңгейде?

Ежелден қарт Алатаудың қос бүйірін мекен еткен, қазақ пен қырғыздың байланысы барлық деңгейде тығыз, өзара байланысты сипатта дамыған. Қос халыққа ортақ мәдени-интеллектуалды құндылықтарымыз, қайраткерлеріміздің көп болуы соның айғағы. Соңғы жылдары қазақ-қырғыз елдерінің арасында тауар тасымалы, энергетика, трансшекаралық өзендерді өзара тиімді пайдалану бойынша нақты жобалар сәтті жүзеге асырылуының астарында қос елдің берік мәдени мызғымас байланыстары жатыр. Президентіміздің ресми сапары аясында Бішкек төрінде «Мұхтар Әуезов пен Шыңғыс Айтматовқа» арнап салынған ескерткіштің ашылуы, қос ел арасындағы саяси байланыстың, мәдениеті тамырының тереңде жатқандығының айғағы болса керек.

Геосаяси өзгерістер аясында, Орталық Азияда Қытай мен Ресей, Еуропалық Одақ сынды саяси күштердің ықпалы артып отыр. Мұндай маңызды тарихи кезеңде Қазақстан мен Қырғызстанның аймақтағы әрбір сыртқы фактор үшін ортақ тұжыры-

мы мен ұстанымының болғаны тұтас аймақ үшін ерекше маңызға ие.

Қазақстандық кәсіпкерлер соңғы 20 жылда Қырғызстан экономикасына 1,4 миллиард доллар инвестиция салған. Екі ел арасындағы сауда көлемін арттыру мақсатында қазақ-қырғыз шекарасының өткізу мүмкіндігін арттыруға баса мән берілуде.

ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕР
ТАЛҚЫЛАНДЫ?

Мемлекет басшылары кездесуі барысында аймақтық ынтымақтастықтың маңызды аспектілері – цифрландыру, электрондық үкімет, экономиканы цифрландыру, ақпараттық байланыс, су энергетика салалары кеңінен талқыланды. Келесі «Аймақаралық форумның» жедел өткізілуі жоспарланды. Үкіметаралық е-үкімет саласындағы тәжірибе алмасуға және цифрлық индустрияны дамытуға, трансшекаралық су ресурстарын тиімді пайдалану аймақтағы тұрақтылық пен орнықты дамудың негізгі факторы екеніне ерекше назар аударылды.

Қазақстан мен Қырғызстан 2024–2026 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасына қол қойып, цифрландыру, энергетика, су ресурстары, инвестициялар, транспорт және логистика салаларында өзара тиімді жобаларды іске асыруға уағдаласты. Атап айтқанда, К-1

ГЭС жобасы (Камбарат-1) аясында, Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанның арасында қол қойылған «жол картасы» арқылы су-энергетикалық саланы дамытудың іргетасы қаланды.

Ресми сапар аясында ерекше мән берілген саланың бірі – Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы рухани және саяси байланыстарды жандандыру бағытындағы жұмыстар. Былтыр Астанада Айкөл Манастың ескерткіші ашылса, биыл Бішкекте «Достықтың алтын көпірі» ескерткішінің бой көтеруі бауырлас халықтардың өзара құрметінің айқын көрінісі. Екі елдің жастар ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтеруде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ош қаласындағы филиалы ашылып, қазақстандық тарап қырғыз студенттеріне жыл сайын 60 мемлекеттік грант бөлуге уағдаласты.

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ЖҮЙЕЛІ ДАМУ

Мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту мақсатында Қазақстан кино күндері мен Жастар форумы өткізіліп, туризм және спорт саласында серіктестікті кеңейту ұсыныстары Мемлекет басшылары деңгейінде талқыланды. Сонымен қатар, тараптар жаһандық және аймақтық мәселелерді талқылап, Біріккен Ұлттар Ұйымы мен басқа да халықаралық құрылымдар аясында өзара қолдаудың жалғасын келе жатқанын Президентіміз Қасым-

Жомарт Тоқаев ерекше атап өтті. Қазақстан Қырғызстанның 2027-2028 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі болуын қолдайтынын білдіріп, Қырғыз тарапының ҰҚШҰ мен Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы бас-тамаларын жоғары бағалауы соның дәлелі.

Қорытындылай келе, Бішкекте өткен келіссөздер Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы стратегиялық серіктестікті жаңа деңгейге көтеріп, саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейте түскенінің куәсі болды. Сауда-логистикалық инфрақұрылымнан бастап туризм мен ауыл шаруашылығына дейінгі ортақ жобалар бауырлас халықтардың бір-біріне деген өзара сенімін арттыруға бағытталғаны анық. Мемлекет басшысының бұл сапары Қазақстан мен Қырғызстан байланысының аймақтағы тұрақтылық пен жүйелі даму жолында бірлескен қадамдарының маңызы зор екенін тағы да мәрте айқындап бергендей.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран»
университеті.



ЖАҢА САЯСИ МАУСЫМДА БІЗДІ НЕ КҮТІП ТҰР?

Биыл қыркүйекте Қазақстанда жаңа саяси маусым басталады. Оны Президенттің дәстүрлі Жолдауы ашып береді. Жолдауда айтылған дүниелер мен мемлекетке берілген тапсырмалар жаңа маусымның бағыт-бағдарын айқындамақ. Алдағы Жолдауда не айтылуы мүмкін? Жаңа саяси маусымда бізді не күтіп тұр? Мақалада осы сұрақтарға жауап іздейміз.

ПРЕЗИДЕНТ ҚАТЫСҚАН
ЖИЫНДАРДЫҢ САЯСИ АСТАРЫ БАР

Жаңа маусымда болатын оқиғалар еліміздің ішкі және сыртқы саясатын қамтиды. Ішкі саясатта қандай өзгерістер болуы мүмкін деген сұраққа жауап берудің бірден-бір жолы – Президенттің тамыз айында өткізген жиындарын талдау. Осы жиындарда алдағы маусымның негізгі жұмыс бағыттары айқындалған.

1. Жаңа саяси маусымда Үкіметтің негізгі жұмыс бағыты Жасанды интеллектті дамыту болуы мүмкін. Себебі, Мемлекет басшысы 11 тамызда жасанды интеллектті дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Кеңеске Премьер-министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, Үкімет мүшелері, орталық мемлекеттік органдардың жетекшілері қатысты.

Президент қазір дүние жүзінде жасанды интеллекттің қарқынды дамуына байланысты сипаты мүлде жаңа технологиялық өзгерістер болып жатқанын атап өтті. Сондықтан алдағы уақытта осы бағытта Үкімет атқаруы тиіс 9 бағытты ұсынды. Олар экономиканың нақты секторы, мемлекеттік басқару, денсаулық сақтау және өзге де салаларды цифрландыру мен ЖИ мүмкіндіктерін барынша қолдану.

Үкімет қана емес, Парламент те ЖИ саласын дамытуға бағдарлануы мүмкін. Биыл жыл соңына дейін жаңа заң қабылдануы ықтимал.



(Дереккөз: akorda.kz)

2. ҰҚК жемқорлыққа қарсы күрес жұмысына жан бітіреді. Президент 19 тамызда Астана қаласы бойынша ҰҚК департаментінің жаңа ғимаратына барды. Онда Мемлекет басшысына жедел орталық, қызметкерлердің жұмыс кабинеттері және заманауи талаптарға сай жабдықталған қызметтік бөлмелер таныстырылды.

Бұл шараның да саяси астары бар. 30 маусымда Мемлекет басшысының Жарлығымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі таратылды. Оның өкілеттіктері Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті мен Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне бөліп берілді. Осылайша ҰҚК жемқорлыққа қарсы күресті күшейтпек. Жаңа саяси маусымның жартыжылдығында, яғни биыл жыл соңына дейін бұл бағыттағы ҰҚК жұмысының алғашқы нәтижелері белгілі болады.

3. Бюджет саясаты үнемі бақылауда. Жақында Жаңа Салық кодексі қабылданды. Бірақ бұл бюджет пен салық саласын реформалаудың аяқталғанын білдірмейді. Жаңа саяси маусымда да бұл бағыттағы

жұмыс жалғаса бермек. Сондықтан Президент 20 тамызда бюджетті жоспарлау мәселелері бойынша жиын өткізді.

Жиында ұлттық экономиканың қазіргі жай-күйі мен даму перспективасы, сондай-ақ 2026–2028 жылдарға арналған республикалық бюджеттің параметрлері туралы баяндамалар жасалды. Президент бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз етуге, барлық әлеуметтік міндеттемелер мен өңірлердің ұзақмерзімді жоспарларын қаржыландыруға, сонымен қатар қаражатты мақсатқа сай бөлуге және игеруге баса назар аударуды тапсырды.

Сонымен қатар, жаңа маусымда Парламент пен ондағы фракциялар жұмысты жандандыруы мүмкін. Себебі, 2028 жылы кезекті Парламент сайлауы өтеді. Оған дейінгі үш жыл сайлауалды маңызды цикл болып саналады.

Осы орайда билеуші партия «Аманат»-тың жұмысын атап өткен жөн. «Аманаттықтар» өткен шақырылымдармен салыстырғанда, сайлау жақындағанда ғана емес, VIII шақырылым жұмысқа кіріскелі

бері белсенді әрекет етуде. Керісінше кейбір фракциялар 2023 жылы ғана белсенді әрекет еткен.

СЫРТҚЫ САЯСИ ОҚИҒАЛАР

Жаңа маусымда еліміздің сыртқы саясатында бірнеше маңызды оқиғалар болмақ. Олар келесідей:

1. Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативті кездесуі. 2025 жылы қыркүйекте Ташкент қаласында аймақ басшыларының 7-кездесуі өтеді. Бұл формат пайда болғалы бері аймақтың интеграциясына оң әсер етті. Қырғызстан Тәжікстан мен Өзбекстан шекара мәселесін шешуде. Алдағы уақытта осы бағытта жұмыс жалғасады.

2. БҰҰ-ның 80-сессиясы. Қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-сессиясы өтеді. АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында өтетін жиын мерейтойлы болып саналады. Онда Қазақстан мен Орталық Азия өз мүддесін қорғау бағытында жұмысты жалғастырады.

3. ҚХА 30 жылдығы. Биыл Қазақстанда Қазақстан халқы ассамблеясының 30 жылдығы атап өтілуде. Осыған орай жыл соңына дейін Астанада жиын өтуі мүмкін.

4. Аймақтың климат саммиті. 2026 жылы Қазақстанда Аймақтық климат саммиті өтеді. Бұл биыл Алматыда ашылған Орталық Азия және Ауғанстан бойынша БҰҰ орталығы секілді басты бағыт болып саналады. Сондықтан Мемлекет басшысы саммиттің өтуіне аса мән беруде.

Қорытындылай келе жаңа саяси маусым ішкі және сыртқы саяси оқиғаларға толы болмақ. Олардың бәрі еліміздің қарқынды дамуына әсер етпек.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





Жасанды интеллект:

ЖАҢАНДЫҚ ЖАРЫС

Цифрлық елге айналу – ұлттық мүдде

Мемлекет басшысы цифрландыру, жасанды интеллектіні пайдалану және дамыту бағытындағы жұмыстарды жіті қадағалауында ұстайды. 2024 жылғы Жолдауында Президент елімізде жасанды интеллект кең көлемде қолданылып, цифрлық технологиялар барлық салаларға енгізілуі керектігін айтқан. Жаһандық аламанға дер кезінде дүбір қосқан Қазақстанда жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды енгізу, мамандарды оқыту, біліктілігін арттыру жұмыстары жанданды.


Қазақстан – жаңа инновациялар орталығы

Орталық Азия елдерінің барлығы дерлік жаңа технологияларды жедел меңгеріп, әлемдік даму көшіне қосылуды көздейді. Оған дәлел – аймақ елдерінің жасанды интеллектіні дамытуға, цифрлық технологияларды күшейтуге және қолданыс аясын кеңейтуге салған инвестициялар көлемі. Ал жаңа нарықтың инвестициялық тартымдылығын ешкім жоққа шығара алмайды.

Мемлекет басшысының ұсынысымен AlemAI халықаралық жасанды интеллект орталығы іске қосылды. Өткен жылдың соңында Президентке халықаралық орталықты таныстыру кезінде ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев орталық қабырғасында екі мектеп ашылып, жақын жылдары робот жасау, бағдарлама әзірлеу бағытында 1000 жоғары білікті маман даярлау туралы жоспарын да баяндаған.

Экономиканы жаңа инновация мен білімге негіздеу керек екенін үнемі алға тартатын Президент жасанды зердені дамыту бағытындағы барлық бастамаларға қолдау көрсетіп келе жатыр. Мысалы, бірнеше жылдың айналасында елімізде арнайы Орталық құрылды, Орталық сапалы стартаптарға жан-жақты қолдау көрсетіп, әлемдік нарықтағы жетекші платформалардың офистерін шақырумен тұрақты айналысып келе жатыр. Сондай-ақ, Nazarbayev University жанынан құрылған Жасанды интеллект институты да цифрлық жобаларды жүзеге асырып, ел мақтанарлық платформаларды іске қосты.

Дегенмен, Мемлекет басшысының цифрлық даму мен жасанды интеллектіні кең көлемде пайдалану және оның заңнамалық базасын қалыптастыру бағытындағы жұмыстарға көңілі толмайтыны белгілі болды. Президент осы мәселелер жөнінде жақында жиын өткізіп, Үкіметке тапсырманың орындалуын пысықтауды тапсырды. Үкімет іле-шала жиналыс ашып, тиісті жауапты тұлғаларды қамтитын Цифрлық штаб құрды. Премьер-министр төрағалық ететін штаб ендігі уақытта мемлекеттік саясатты жүзеге асыру-



дың барлық бағытында, әсіресе, әлеуметтік салаларда (білім беру, денсаулық сақтау, еңбек нарығы, мемлекеттік қызметтер, электронды үкімет және т.б.) жұмысты жеделдетуді тікелей қадағалайды.

Мемлекеттік стратегия саналатын міндет

Расында, бүгінгі күні цифрлық даму және жаңа инновацияларды мемлекет мүддесіне лайықты бейімдеу – заман талабы, ұлттық қауіпсіздіктің басым бағыттарының бірі. Аталған жиында Президент мемлекеттік қызмет секторын, квазимемлекеттік мекемелердің ұжымын толық отандық мессенджерге көшіру туралы бастама көтерген. Апта бойы бірқатар ірі мекемелердің Aitu мессенджеріне көшіп үлгергенін, ал жалпы мемлекеттік қызметшілер жақын арада смартфонна Aitu жүктей бастайтыны туралы ақпараттарды бақылап отырмыз. Цифрлық даму бағытындағы шешімдердің ерекшелігі де сол – жылдамдығында.

Бізді қуантқаны – Мемлекет басшысының ЖИ индустриясын тікелей өз бақылауына алғаны. Соның нәтижесінде Президент төрағалық ететін, жаһандық сарапшыларды біріктіретін тәжірибе алаңы – ЖИ жөніндегі халықаралық консультативтік кеңес құрылды. Жер жүзінде жарық жылдамдығымен дамып келе жатқан ЖИ-дің барлық мүмкіндіктерін, қауіп-қатер мен тәуекелдерін уақытылы бақылау, соған қарай шешім қабылдау – мемлекеттік, ұлттық стратегия саналатын міндет. Бұл – мемлекеттік деңгейдегі бастамалар, атқарылып жатқан жұмыстар.

Ал жаппай жұртшылықты ЖИ пайдалануға үйрету, мәдениеті мен этикасын қалыптастыру – параллель міндет. Бұл шаруа әлеуметтік құрылымның ең белсенді әрі ең маңызды блогы саналатын студенттерден басталды. Студенттерден басталуының да себебі бар: ЖИ мүмкіндіктерін ертерек іске қосудың басты қозғаушы күші – білікті мамандар. 5 жылда 1 миллион қазақстандықты ЖИ дағдыларына оқытуды мақсат

тұтқан AI-Sana пәнаралық білім беру бағдарламасы іске қосылды.

Қазақстанның цифрлық егемендігі

Үкімет тура бір жыл бұрын Жасанды интеллектті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіткен болатын. Алматыда жыл сайын әлемдік сарапшылардың басын қосатын халықаралық форум өткізу тұрақты дәстүрге айналды. Биыл Орталық Азия аймағында тұңғыш ел болып ЖИ-ге арналған суперкомпьютерлік кластер аштық. Ендігі күні елдің егемендігіне тікелей әсер ететін цифрлық ақпарат өз жерімізде сақталады. Халықаралық орталықта жаңа жобалар қолдауға ие болып, елдің ЖИ саласындағы инновациялық әлеуеті артып жатыр. Бірақ халықаралық рейтингте екі жыл бұрынғы орнымыздан төмен сырғыппыз. Неге?

Oxford Insights жыл сайын әлем елдерінің қоғам әл-ауқатын жақсарту үшін үкіметтердің ЖИ пайдалануға дайындық индексін сарапқа салады. 2023 жылы Қазақстан 193 елдің арасынан 72-орынға ие болса, 2025 жылы 188 елдің арасында 76-орынға тұрақтапты. Бұл – Қазақстандағы жұмыстардың кері кетіп жатқанының емес, әлемдік даму қарқынының күшейгенін көрсетеді. Жұртшылыққа Президенттің не үшін ЖИ жөніндегі жұмысқа көңілі толмайтыны енді түсінікті болар деп топшылаймыз.

Инвестиция мен жаһандық жылдамдық жайында

Әлемдегі цифрлық дамуда жоғары нәтиже көрсетіп келе жатқан елдер санатында ЖИ-ді дамытуды уақытылы қолға алдық. Бірақ нарығы үлкен, кадр даярлау әлеуеті биік елдер аз уақытта жоғары жетістіктерге қол жеткізіп жатыр. Инновациялық бәсеке күйіп тұр. ЖИ-ге салынған инвестициялар – соның дәлелі.

Жасанды интеллект жөніндегі Стэнфорд институты тек АҚШ-тың өзінде ЖИ-ге салынған жеке инвестициялар көлемі 109 миллиард АҚШ долларын құрағанын мәлім-

деді. Бұл – Қытайдағы (9 млрд. доллар), Ұлыбританиядағы (4,5 млрд. доллар) инвестициялардан әлдеқайда жоғары көрсеткіш. Еуроодақ елдері де ЖИ жарысынан шеткері қалмауды көздейді. Бір Францияның өзі цифрландыру мен ЖИ дамытуға 109 млрд. еуро жұмсап отыр. Болжамдар әртүрлі: бірақ бәріне ортақ ұстаным – 2026 жылға қарай ЖИ-ге салынатын миллиардтаған инвестицияның есеп-леп артатыны.

2022 жылы ChatGPT іске қосылғаннан бастап генеративті ЖИ бағытында үлкен өзгерістер орын алуда. 2023 жылы шыққан GPT-4 кейін жаһандық деңгейдегі компаниялар да бұл бағытқа білек сыбана кірісті. ЖИ-модельдердің мүмкіндігі қарыштап дамыған сайын қамту аумағы да жылдам кеңейіп келеді – бүгінде қарапайым чат-боттар, өзге де ЖИ мүмкіндіктері әлеуметтік салада, бизнесте, тұтас нарықта тұрақты түрде қолданылады.

Заң және әдеп

Әлем елдерінің беталысы – жаңа инновациялар. Ал ЖИ – дәуір жаңалығы. ЖИ мүмкіндіктері қанша кең болса, одан туындайтын қауіп-қатер, тәуекелдер де аз емес. Құқықтық мемлекетте әрбір дүние ережемен бекітіліп, жүйелі тәртіпке негізделуі керек. ЖИ саласын реттейтін заңнамалық құжаттарды қабылдау тәжірибесі бар: мысалы, Еуроодақ AI Акт деп аталатын кешенді заңнамалық құжатты айналымға қосты, АҚШ пен Қытай ЖИ саласындағы өзіндік ережелерін талқылау үстінде.

Заң мен тәртіпті ту еткен «Жаңа Қазақстанда» да жаңа құжат әзірленуде. «Жасанды интеллект туралы» заң жобасы үстіміздегі жылдың мамыр айында Мәжілісте бірінші оқылымнан қабылданып, қазіргі таңда Мәжіліс жанындағы Қоғамдық кеңестің ұсыныстарын қарастыруда. Биыл аталған заңның қабылдану ықтималдылығы жоғары. Егер сапалы, барлық мәселелерді қамтитын, азаматтардың жеке деректері мен тұтынушылық құқықтарын қорғайтын, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін заң қабылдасақ, әлем елдері арасындағы тұңғыштар тұғырынан көрінеміз.

Адам капиталы, сапалы қоғам, бәсекеге қабілетті азаматтар – адамзат үшін басты ресурс. ЖИ – адамды алмастыратын емес, адамға қызмет ететін жаңа өнертабыс, тіпті, мүмкін жаңа жаһандық өркениет. Сондықтан ұлы көштің шаңында адаспай, алдыңғы қатарлы елдермен иық тіресіп жүргеніміз жөн. Бу машинасы, радио, автокөлік, ұшақ сияқты замана жаңалығына айналған ЖИ-дің тиімді тұсын тауып, ақыл-білімді ақшаға айналдыратын ордалы һәм цифрлық елге айналу – ұлттық мүдде.

Әділет МӘДЕНИЕТ,
сарапшы.





«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
АКЦИЯАлатау ауданында кезекті
сенбілік өтті

Мегаполисте «Таза Қазақ-
стан» жалпыұлттық акция-
сы аясында «Алматы – біздің ор-
тақ үйіміз» экологиялық науқаны
негізінде сенбіліктер өткізу дәс-
түрге айналды.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Бұл жолғы іс-шараны Алатау ауданы
әкімдігі ұйымдастырды. Тазалық жұ-
мыстары «Теректі» ықшамауданындағы
№213 мектептің маңында жүргізілді.

Акцияға 300-ге жуық адам қатысып,
10-нан астам техника мен 30-дан астам
жүк көлігі жұмылдырылды. Сенбілікке
экологтар, қоғам белсенділері мен
жергілікті тұрғындар атсалысты.

Алатау ауданы Көріктендіру
бөлімінің бас инспекторы Мадияр
Әбуовтың айтуынша, Алматы қаласы
әкімінің тапсырмасына сәйкес, атқа-
рылған жұмыстардың нәтижесінде мек-
теп айналасы қоқыстан тазартылып,
арамшөптер шабылған, ретке келтіріл-
ген. Сонымен бірге, жаяу жүргіншілер
жолына жарық шамдар орнатылған.

«Алатау» театры:

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

жыл соңына дейін аяқталады



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Алматы қаласындағы «Алатау» дәстүрлі өнер театрын-
да алғаш рет күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп
жатыр. Бұл – ғимарат пайдалануға берілгеннен бері жаса-
лып отырған ең ауқымды жаңарту.

Досбол
АТАЖАН

Алматы қалалық мәслиха-
тының депутаттары нысанға
барып, аралап көрді. Делега-
цияны Мәслихаттың Мәде-
ниет, спорт, ішкі саясат, дін іс-
тері және жастар ісі жөніндегі
тұрақты комиссиясының төр-
айымы Диана Ерлан бастап
барды.

Сондай-ақ, комиссия бас-
шысының орынбасары Серік
Есмаев, Мәслихат депутатта-

ры Еркін Рақышев пен Дулат
Рамазанов та құрамда болды.

«Алатау» дәстүрлі өнер теа-
трындағы күрделі жөндеу жұ-
мыстары ғимараттың негізгі
бөліктерінің барлығын дерлік
қамтиды. Қазіргі уақытта театр-
дың қасбеті толық жаңартылып,
кинозалға заманауи жабдықтар
орнатылуда, еден жабындыла-
ры мен спектакльдер өтетін
залдағы көрермендерге арнал-
ған орындықтар ауыстырылып
жатыр. Сондай-ақ, ғимарат
маңы абаттандырылып, мүге-

ҚАЛА ЖӘНЕ ИМАН

ҚАЗАҚСТАН – САУД АРАБИЯСЫ:

қажылық саласындағы ынтымақтастық нығаяды

Алматы қаласына Сауд Ара-
биясы Корольдігінің Қажы-
лық және ұмра министрі Тауфиқ бен
Фаузан Ар-Рабиа бастаған делега-
ция ресми сапармен келді.

Ернұр
РЫСБАЙ

Делегация құрамында Сауд Арабия-
сы Қажылық және ұмра министрлігінің
өкілдері, Мекке мен Мәдина қалалары-
ның тиісті мекеме мамандары болды.
Қазақстан тарапынан кездесуге ҚР Мә-
дениет және ақпарат вице-министрі
Қанат Жұмабайұлы Ысқақов қатысты.
Іссапар аясында тараптар қажылық
және ұмра саласындағы ынтымақтас-
тықты дамыту, қажыларға көрсетілетін
қызметтердің сапасын арттыру, сондай-
ақ мәдени және рухани байланыстарды
кеңейту мәселелерін талқылады.

Сауд Арабиясы Қажылық және ұмра
министрі Тауфиқ бен Фаузан Ар-Рабиа
бұл сапардың маңызына тоқталып, Қа-
зақстан мен Сауд Арабиясы арасында-
ғы тарихи әрі рухани байланыстардың
ерекше екеніне назар аударды.

– Бұл – менің Қазақстанға екінші
ресми сапарым. Алғаш рет 2022 жылы
елдеріңізге келген едім. Қазіргі кезде-
суіміздің негізгі мақсаты – Қазақстаннан
келетін қажылардың қажылық рәсім-
дерін жеңілдету және қызмет сапасын
жақсарту. Сонымен қатар, екі ел ара-
сындағы туризмді дамыту, мәдени бай-
ланыстарды нығайту да басты назарда.
Осыған орай Қазақстан Мұсылмандары
діни басқармасының төрағасы Наурыз-
бай қажы Тағанұлымен, сондай-ақ Мә-
дениет және ақпарат вице-министрі
Қанат Ысқақовпен жемісті келіссөздер
жүргіздік. Сауд Арабиясы тарапынан
қажылардың сапарын оңтайландыру,



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

тарихи мекендерге зиярат ету
мүмкіндіктерін кеңейту және тікелейәуе
қатынастарын арттыру мәселелері қа-
растырылды, – деді министр.

Өз кезегінде Қазақстан Мұсылман-
дары діни басқармасының төрағасы,
Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы
екі ел арасындағы рухани қарым-қаты-
настың артып келе жатқанын, Сауд
Арабиясының Қазақстанға деген құр-
метін ерекше атап өтті. Ол алдағы уа-
қытта да екі ел арасындағы ынтымақ-
тастықтың арта түсетініне сенім
білдірді.

Сапар аясында екі ел өкілдері қа-
жылардың қауіпсіздігі, жол қатынаста-
рын жетілдіру, тарихи-діни орындарға
зиярат жасау мүмкіндіктерін кеңейту
бағытындағы нақты ұсыныстарды қа-
растырды. Осылайша Сауд Арабиясы
Қажылық және ұмра министрінің Ал-
матыға жасаған сапары Қазақстан мен
Сауд Арабиясы арасындағы мәдени,
рухани әрі туристік ынтымақтастықты
жаңа деңгейге көтеруге жол ашты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Бас мүфти:Қызмет сапасының артуы –
келіссөздер жемісі

– Қажылық – мұсылманның бес
парызының бірі. Егемендік алғаннан
бері жыл сайын мыңдаған отандас-
тарымыз қасиетті сапарға аттанып
келеді.

Биылдың өзінде төрт жарым
мыңға жуық қазақстандық қажы-
лық парызын өтеп қайтты. Сауд
Арабиясы тарапынан көрсетіліп
отырған қолдау – осы рухани бай-
ланыстардың нақты көрінісі. Қажы-
лық сапарына қатысты визалық
рәсімдердің жеңілдетілуі, тікелей
әуе рейстерінің ашылуы, қызмет
сапасының артуы – осы келіссөз-
дердің жемісі, – деді.

НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Жәрмеңке маусымы ашылды

Алматыда қолжетімді бағада жаңа әрі балғын
өнімдер алуға болатын тағы бір орын ашылды.
Жетісу ауданында «демалыс күнгі жәрмеңке» жұмы-
сын бастайтынын «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік
корпорациясы хабарлады.

Нұрлан
СҮЙІН

Жәрмеңкенің мақсаты –
жергілікті шаруаларға өз өнім-
дерін өткізуге мүмкіндік жасау,
ал тұрғындарға әлеуметтік ма-
ңызы бар азық-түлікті қолжетімді
бағамен ұсыну.

Алдағы демалыс күндері Құ-
лагер ықшамауданындағы «Гүл-
дер» саябағының алдында 15
сауда жасайтын шатырлар қойы-
лады. Мұнда жылқы, сиыр, қой
және құс еті, сүт өнімдері, жұ-
мыртқа, көкөніс пен жеміс-жи-
дек, сондай-ақ жаңа піскен нан-
тоқаш өнімдері сатылады. Сауда
алаңы демалыс күндері сағат
09.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс
істейді.

Қазір демалыс күнгі жәр-
меңкелер Алматының бірне-
ше ауданында тұрақты түрде
өтеді:

- Алмалы ауданы – Масаншы
көшесі (Әйтеке би – Гоголь кө-
шелерінің арасы);

- Әуезов ауданы – Өтеген
батыр көшесі (Абай даңғылынан
төмен);

- Бостандық ауданы – «Қа-
зақфильм» ықшамауданы (Әл-
Фараби даңғылынан жоғары);

- Медеу ауданы – Меңдіқұ-
лов бульвары – Бектұров көшесі.

Апта сайын жәрмеңкелерге
45 мыңнан астам қала тұрғыны
келеді. Өнімдерді Алматы мен
Алматы облысының 300-ден ас-
там ауыл шаруашылығы тауар
өндірушілері ұсынады. Сауда
сөрелерінде 1000-нан астам

тауар түрі бар: ет,
жұмыртқа, көкөніс,
жеміс-жидек, сүт
өнімдері, шұжық,
бал және тағы бас-
қасы.

Бағаны тұрақ-
тандыру шаралары
аясында әлеуметтік
маңызы бар азық-
түліктер нарықта-
ғыдан 15–20 па-
йыз төмен бағамен
сатылады.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ҚОРШАҒАН ОРТА

ШАҒАР ЭКОЛОГИЯСЫ

мониторинг нәтижелері жарияланды

Алматы – атмосфералық ауаны қорғауға жүзеге асырылған «Ауаны қорғау ережелері» жобасы ластану деңгейін төмендетуге және қала тұрғындарының өмір сапасын арттыруға бағытталған шаралар кешенінің аясын айқындайды.

Алматы қаласы әкімдігі сарапшылармен, қоғам өкілдерімен және депутаттармен бірлесе әзірлеген құжат қоғамдық талқылаудан өтіп, енді қалалық мәслихаттың қарауына ұсынылмақ. Бұл құжат мегаполистің экологиялық саясатының құқықтық негізіне айналады.

Жоба бірнеше бағытты қамтиды: автокөлік; жылу энергетикасы және өнеркәсіп нысандары; жеке тұрғын секторы. Әрбір санатқа байланысты атмосфераға келтіретін кері әсерін азайту шаралары қарастырылған: көліктерді экологиялық жіктеу, техникалық жағдайын қатаң бақылау, өнеркәсіп нысандарына жаңа талаптар қою, қолайсыз метеожағдай кезінде қолданылатын шаралар және мониторинг жүйесін дамыту.

Құралдардың бірі – төмен шығарындылар аймақтарын (LEZ) енгізу. Бұл тәжірибе әлемнің жүздеген қаласында тиімділігін дәлелдеген. Мұндай аймақтар қаланың ең жүктемесі көп бөліктерінде зиянды шығарындыларды азайтуға көмектеседі.

Сынамалар алынып, атмосфералық ауа талданды

Зерттеу барысында автокөліктерден, өнеркәсіптік нысандардан, жеке сектордан шығатын қалдықтар өлшеніп, топырақ пен өзендерден сынамалар алынып, атмосфералық ауа талданды. Мониторинг деректеріне сәйкес, қаланың барлық ауданында ауаның ластануы байқалған. Негізгі көрсеткіштер бойынша Түркісіб ауданында азот оксидтері – 6,9 есеге дейін, Алмалы және Жетісу аудандарында күкірт оксидтері мен күкіртті сутек 2 есеге дейін, Жетісу мен Медеу аудандарында көміртек оксиді 4,8 есеге дейін, Түркісіб, Наурызбай аудандарында аммиак 3,2 есеге дейін артқан. Ұсақ дисперсті шаң қаланың барлық ауданында 4,7 есеге дейін артып отыр.



Бұл деректерді ұсынған экологиялық зертхананың басшысы Әсет Тазабековтың айтуынша, қазіргі уақытта қосымша талдау жұмыстары жүргізілуде. Топырақтың сапасын зерттеу барысында Алматы қаласының барлық ауданында кад-

мий, қорғасын, мышьяк, мырыш және өзге де құрамдастардың шекті мөлшерден (2 еседен артық) асып кеткені анықталды.

«Біз қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін анықтау бойынша жұмыс істейміз. Мәселелерді анықтап, талдау жүргізу экологияны жақсарту шараларын ұсынуға мүмкіндік береді. Алматы ауасына қатысты мәліметтер өте алаңдатарлық. Барлық өлшемдерден шекті концентрация нормаларының 40 пайызға дейін артық екенін көрдік. Қала ауасы ең таза болатын уақыт – таңғы сағат 5-6 шамасы. Көлік қозғалысы басталған бойда ауаның ластану көрсеткіштері күрт артады», – дейді ол.

Экологиялық ахуал деңгейі қандай?

Қаладағы өзен-көлдерде ауыр металдар, мұнай өнімдері, нитриттер мен сульфаттар бойынша ластану тіркелген. Атап айтқанда, Үлкен Алматы, Кіші Алматы, Есентай, Қарғалы өзендерінде, Сайран, Қарасу көлдерінде және «Томирис» ық-

шамауданындағы тоғандарда 2-3 еседен жоғары көрсеткіштер байқалды.

«Бүгінде Алматы қаласы бойынша біз екі негізгі жобаға назар аударып отырмыз. Олар – екпосттар орнату және қоршаған ортаға қатысты цифрлық пакеттерді әзірлеу. Бұл жобаларды жүзеге асыру мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Негізгі бағытымыз – қаланың экологиялық проблемаларын анықтап, талдау жүргізу және сол бойынша жағдайды жақсартуға арналған ұсыныстар беру. Қазіргі зерттеу деректеріне сүйенсек, қала ауасында ластану деңгейі өте жоғары. Жүргізілген барлық зерттеулер бойынша көрсеткіштер 40%-ға дейін артық. Тек таңғы 5-6 шамасында, автокөліктер қозғалысы басталмай тұрған кезде, ауаның ең таза сәттері тіркеледі. Ал көлік қозғалысы басталған бойда көмірқышқыл газы мен өзге де зиянды заттардың нормадан асуы байқалады», – дейді зертхана басшысы.

Оның айтуынша, қыс мезгілінде Райымбек даңғылының маңы нағыз экологиялық тұзаққа айналады. Бұл аймақта зиянды заттардың шоғырлануы ерекше жоғары. Дамыған елдерде шығарындылары төмен аймақтар құру – қалыпты тәжірибе. Алматыға да мұндай шараларды енгізетін уақыт жетті.

Заңгер Ерлан Бузурбаевтың айтуынша, әлемнің 300-ден астам қаласында төмен шығарындылар аймақтары бар: «Онда экологиялық стандарты төмен көліктердің кіруіне шектеу қойылады. Талапты бұзғандар айыппұл төлейді немесе қоғамдық көлікке жүгінеді. Лондон, Париж, Берлинде мұндай аймақтар оң нәтижесін көрсетті», – дейді ол.

Негізгі себеп – көліктен шығатын газ

Зерттеу нәтижесі бойынша, ауаның ластануына ықпал ететін факторлар анықталды. Негізгі үлесі (шамамен, 60%) автокөлік қозғалысы құраса, тұрмыстық отын жағу мен өнеркәсіптік аймақтардағы шығарындылар Алматы ауасының ластануына себеп болып отыр.

«Мысалы, газдан жылына шамамен, 18 мың тоннаға жуық зиянды заттар бөлінеді. Газ көмірге қарағанда 10 есе таза болса да, бәрібір экологияға әсер етеді. Бұған қоса, қалада 509-ға жуық қауапхана-ларда және моншаларда отын жағады. Әрбір жеке үй иесі аптасына кемінде екі шелек отын жағады. Деректерге сәйкес, жеке секторда шамамен, 14,5 мың үй қатты отынмен жылытылады, бұл экологиялық мәселелерді одан әрі ушықтыра түседі», – дейді спикер.

Зертхана мамандары қаланың жасыл

желектерін де тексерген. Мәселен, Бөгенбай батыр көшесінің бойынан алынған өсімдік сынамаларында мырыш пен мыс мөлшері шектен тыс айтарлықтай жоғары екені анықталды. Бұл көрсеткіштер Президент саябағы аумағында да тіркелді. Яғни ауаның ластануы өсімдіктер мен топыраққа да, барлық тірі ағзаға да зиян келтіреді.

Алматының әр ауданынан 1500-ден астам сынама алынды. Барлық зерттеу нәтижесі бойынша топырақта мырыш пен мыс жоғары, ал кейбір аумақтарда қорғасын мөлшері де асып кеткен.

«Зерттеулеріміз «Аптек» фирмасының жоғары дәлдікті құралдары арқылы жүргізіледі. Бұрын қолданылған «ГАНГ-4» құралында қателік көп болғандықтан, нақты көрсеткіштерді анықтау қиын еді. Қазіргі құралдар халықаралық стандарттарға сай әрі жоғары дәлдікпен жұмыс істейді», – деді ол.

Зертханада «Оптек» фирмасының жоғары дәлдікті құралдары қолданылады. Осы арқылы әртүрлі аймақтарда бақылау жүргізіледі. Мысалы, екі апта бойы Алматы жылу электр орталығы маңында зерттеу жүргізген кезде ауада күкіртсутегін қоса алғанда, өте жоғары ластану деңгейлері тіркелді. Бұл заттардың бәрі адам денсаулығына айтарлықтай зиян тигізетіні белгілі.

Экология үшін аса маңызды қадам

«Қазіргі таңда қала әкімдігі бірінші кезекте ЖЭО-ын газға көшіруді жоспарлап отыр. Бұл экология үшін аса маңызды қадам, себебі қазіргі кезде жылына 39 мың тоннадан астам зиянды заттар шығарылса, газға көшкен жағдайда бұл көрсеткіш 2 мың тоннаға дейін төмендейді. 2023-2024 жылдардағы зерттеуіміз бойынша автокөлік шығарындылары да өте жоғары. Жылдық көлемі шамамен, 112 мың тонна. Бұл ЖЭО-дан бірнеше есе артық. Жүргізілген зертханалық өлшеулер мен есептеулер бір-бірін толықтай растады. Көлік кептелісі көп аймақтарда мысалы, «Алтын Орда» базарының маңында көміртек тотығы мен азот оксидтері нормадан бірнеше есе артық болды. Кейбір орындарда көрсеткіштер 11 ШЖК-ға (шекте жол берілетін концентрацияға) дейін жетті. Бұл аймақта тұратын адамдардың денсаулығына қауіп төндіреді.

Біздің мақсатымыз – нақты деректерді анықтап, тиісті органдарға ұсыныс жіберу. Соның нәтижесінде әр өңірде экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған шешімдер қабылданып жатыр. Зертхана-мыздағы жоғары дәлдікті құралдар қаладағы кез келген нүктеде жиналған деректерді талдауға мүмкіндік береді және біз

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Евгений МҰХАМЕДЖАНОВ,
Econetwork жобасының негізін
қалаушы, эколог:

Халықаралық тәжірибе белсенді қолданылып жатыр

Атмосфералық ауаның ластану мәселесі Алматы үшін бұрыннан өзекті. Жүргізілген талдау бойынша, ауаның ластануының басым бөлігі көліктердің түтінінен болады. Ресми түрде мегаполисте шамамен, 600 мыңға жуық көлік тіркелген, одан бөлек қалаға күн сайын 400 мыңға жуық автокөлік сырттан кіреді.

Зерттеулер көрсеткендей, егер «Евро 0» стандарты бойынша жүретін көліктердің үлесі шамамен, 17% болса, олар 84%-ға дейін зиянды шығарындылар береді. Сондықтан автокөлік шығарындыларын бақылау – басты міндет. Бұған қоса, Алматыда жеке тұрғын үйлерді кезең-кезеңімен газға көшіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Бүгінгі таңда автокөліктерді техникалық бақылау қатандатылғаны қуантады. Сонымен бірге, қалаға кіреберістегі экологиялық бекеттерде жаңа талаптар енгізілді, оған сәйкес ереже бұзғандар бірден айыппұл арқалайды.

Қалада қазір өмір сапасын жақсартудың, соның ішінде экологиялық талаптарды орындаудың халықаралық тәжірибесі белсенді қолданылып жатыр. Қазір Алматы мәслихаты қаланың ішінде төмен шығарындылар аймағын құру ұсынысын қарап жатыр. Бұл жерде экологиялық талаптар қатаң болады, ал көп түтін шығаратын көліктер үшін қалаға кіру ақылы болады. Бұл жобаны пилоттық режимде іске қосу жоспарланып отыр және менің ойымша, ол ақылы автожолдар жүйесі сияқты өзін ақтауы тиіс. Яғни жолақыны жедел түрде анықтап, төлем жасау үшін әкімшілерді іздеп, уақыт жоғалтпайды.

бұл деректерге сенеміз. Белгілі бір жерде жиналған шаңның құрамындағы барлық химиялық элементтерді анықтауға болады», – дейді компания басшысы.

Жаңа ережелердің қабылдануы қыс кезінде ауадағы түтінді азайтып, ауаның сапасын жақсартуға және халықтың денсаулығына төнетін қауіп-қатерді төмендетуге көмектеседі. Экологиялық таза көліктің дамуы, кәсіпорындардың жаңаруы және кешенді бақылау жүйесі қала тұрғындары үшін қолайлы жағдай жасайды. Алматының бұл тәжірибесі алдағы уақытта еліміздің басқа қалаларына да үлгі бола алады.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА.





ТҰЛҒАТАНУ

ҚАЙРАТКЕР РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Алматылықтар кемеңгер
тұлғаны еске алды

Алматы жұртшылығы аса көрнекті қоғам қайраткері, үш мәрте Еңбек Ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты еске алу үшін шаһар төріндегі тұлға ескерткіші маңына жиналды. Биыл қайраткердің дүниеден озғанына – отыз екі жыл. Іс-шараны қалалық «Музейлер бірлестігі» мен «Қонаев қоры» ұйымдастырды.

Дара тұлға, қайталанбас қайраткер Д.А.Қонаевты еске алуға жиналған халықтың қарасы көп болды. Іс-шараға еліміздің аймақтарынан, Ресейдің Шуваш Республикасынан, Қытай Республикасынан келген өкілдер қатысты. Алматы қаласы әкімдігі, Ардагерлер кеңесі, әскерилер, «Желтоқсан ақиқаты» ҚБ, Шекара академиясының курсанттары мен ҰҚК арнаулы әскери бөлімінің жасақтары қайраткер ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Шараға қатысушылар сондай-ақ, кемеңгердің мәңгілік мекеніне арнайы барып, рухына тағзым етті.

Еске алу жиынына қайраткердің туыстары, ардагерлер, қоғамдық ұйымдар өкілдері келді. Іс-шарада «Қонаев қорының» президенті Елдар Қонаев, қайраткермен қызметтес болған ардагерлер және басқа да азаматтар сөз сөйледі. «Біздің отбасымыз үшін Д.А.Қонаев есімі тарихта, кітаптар мен мұражайларда сақталғаны емес, халықтың жүрегінде сақталып қалғаны маңызды. Отыз екі жылдан бері солай болып келе жатыр да. Қайраткердің өмірі Отанға қалқысыз қызмет етудің үлгісіндей болды. Сонысымен де тарихта қалды. Мен бүгін еске алуға келіп, Қонаев рухына тағзым еткен барша қауымға шын алғысымды білдіремін», – деді Елдар Қонаев.

Еске алу іс-шарасына келушілерге М.Төлебаев көшесіндегі Д.А.Қонаевтың мұражай-пәтеріне экскурсия ұйымдастырылды. Келгендер қайраткерге қатысты көп дүниені көріп, деректерге қанықты. Бұдан соң іс-шараға жиналған қонақтарға ас берілді.

Ш.ҚАЛДАЯҚОВ – 95

ӘН-ҒҰМЫР

Алматыда «Шәмші сазы – ұлт рухы» атты
еске алу кеші өтті

Алматыдағы Alatau Greatev Nab кітапханасында ҚР Халық әртісі, сазгер Шәмші Қалдаяқовтың туғанына 95 жыл толуына орай «Шәмші сазы – ұлт рухы» атты еске алу кеші өтті.

«Қазақ вальсі королінің» құрметіне

ұйымдастырылған еске алу ән кешіне «Ұлттық ұланның» өнерлі сарбаздары, «Алатау» дәстүрлі өнер театры, «Қазмедиа» орталығының жас өнерпаздары, сазгер әнін сүйетіндер жиналды.

Ән кешінде жүргізушілер ҚР Халық әртісінің өмірбаянынан ақпарат беріп,



келген өнерпаздар композитордың әндерін орындады. Кеште композитор Ш.Қалдаяқовтың «Бақыт құшағында», «Қайықта», «Сыр сұлуы», «Арыс жағасында», тағы басқа да көптеген әндері орындалды. Сондай-ақ, Шәмшінің ән жинақтары мен композитор туралы естелік кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. Сазгердің әндеріне қатысты викторина сұрақтары қойылып, жеңімпаздарға сыйлықтар табысталды.

«Шәмші әндері таза, шынайы сезімнің символы. Оның әрбір әнінде махаббаттың, жастықтың, сағыныштың лебі бар», – дейді іс-шараның ұйымдастырушысы Рауан Жаңбырбаева.

Жалпы, Шәмші Қалдаяқов бүгінгі Түркістан облысы, Отырар ауданында 1930 жылы 15 тамызда дүниеге келген. Азан шақырып қойған есімі Жәмшид екен. Сазгердің 300-ге жуық әні бар. Композитор 1992 жылы өмірден өтті.

Қазақ халқының аса көрнекті композиторы Шәмші Қалдаяқовтың 95 жылдығы еліміздің әр түкпіріндегі сияқты Алматының Алатау ауданында да осылай аталып өтті.

Бетті әзірлеген
Нұрлан СҮЙІН.



ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

Серік ЖҰМАБЕКҰЛЫ: ЖУРНАЛИСТИКА ӨЗ ШЫНДЫҒЫНАН АЙНЫМАЙДЫ



Бүгінде еліміздің ақпараттық кеңістігі қарқынды даму үстінде дегенімізбен, бұл саладағы бірқатар түйткілдер әлі күнге дейін өз шешімін тапқан жоқ. Соның бірі – дамыған елдерде әлдеқашан орныққан салалық журналистиканың Қазақстанда кенжелеп қалуы. Елімізде болашақ журналистерді даярлайтын оқу орындары жеткілікті. Десе де, белгілі бір тақырыпқа (экономика, медицина, білім, экология, спорт, мәдениет, құқық, ауыл шаруашылығы, ғылым, т.б.), бір салаға бейімдейтін журналистерді даярлау жүйесі әлсіз, тіпті салалық журналистикаға қатысты оқыту бағдарламалары мен еңбектер жоқтың қасы.

Дана
САДЫРҚАН

Осы тұста қара бұлтты жарып өткен шуақтай салалық журналистиканың дамуына үлес қосатын маңызды бастамалардың легі байқалды. Жақында белгілі журналист Серік Жұмабекұлының төрт түрлі салаға негізделген әрі жас журналистер мен жоғары оқу орындарының Журналистика факультетінде оқып жүрген студенттер мен магистранттарға арналған кешенді хрестоматиялары жарық көрді.

– Кезінде мүлт кеткен тұстарымыз да аз емес. Соның салдарынан төрт рет сотқа тартылдық. Үстімізден қылмыстық іс қозғалған сәттер де кездесті. Бірақ журналистің атына кір келтірмей, дұрыстығымызды дәлелдеп шыққанымызды да кейінгі ұрпаққа мақтанышпен жеткізгіміз келеді. Бүгінде соның бәрі тарихқа айналды. Журналистік шеберліктің шындалған



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алтынбай ДӘУРЕНБЕКОВ,
ҚР Қорғаныс министрінің алғашқы
баспасөз хатшысы, отставкадағы полковник:

ТАБАНДЫ ЕҢБЕК БАҒАЛАНДЫ

Мен бұл жинаққа топтастырылған мақалалардың бәрін кезінде баспасөз беттерінен толық оқыдым және автордың кейбір орынды ой-пікірлерін өз жұмысыма пайдаланып отырдым десем, артық айтқандығым болмас.

Еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстандағы» құқық бөлімі «Құқық және әскери патриоттық тәрбие» деп аталынып, уақыт талабына сай қайта құрылды. Осы кезден бастап оның меңгерушісі С.Жұмабекұлы бізбен және басқа да күштік құрылымдардың мамандарымен тығыз байланыста жұмыс жасады. Кез келген уақытта әскерилермен бірге іссапарға аттануға даяр тұратын. Қазақстанның ішкі және сыртқы жақта да өтіп жатқан жаттығулардың ешқайсынан қалған емес. Тәуелсіз еліміздің Қарулы Күштерін құру басталғанда алдымен қазіргі өмір талаптарына сәйкес келетін әскери жарғыларды әзірлеудің қиын да жауапты жұмыстары қолға алынды. Әскери терминдерді мазмұн-мағынасына нұқсан келтірмей, жалпыға бірдей түсінікті етіп әзірлеу үшін тіл мамандарын, әскери тарихшыларды, журналистерді жұмылдыруға тура келді.

Бұл іске де С.Жұмабекұлы белсене араласты. Ол құқық, әскери тақырыптармен қоса, экономика тақырыбына да еркін қалам тартты. Себебі, әскердің мықты болуы елдің экономикасымен тікелей байланысты екендігі түсінікті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жанармай тапшылығы салдарынан еліміздегі соғыс техникаларының бәрі қаңтарылып қалғанын былайғы жұрт біле бермейді. «Егемен Қазақстан» газетінде экономика тақырыбына қалам тартқанда С.Жұмабекұлы оны міндетті түрде әскери қорғаныспен байланыстыра жазатын. Қорғаныс министрлігіне мемлекеттен бөлінетін қаражат көлемінің аздық ететінін, оны көтеру қажеттігін дәлелдеп жазған талдамалы мақалалары парламентшілердің назарын аудартқаны да есімізде.

тұстары да осы кезеңдер еді. Ол жайында айтылар ойлар алдағы уақытта да ортаға түсер. Уақыт ағысы қалай аунаса да журналистика өз шындығынан айнамайды. Осы тұрғыда болашақ журналистерге бұл мақалалардың септігі тиіп жатса, біздің де

журналистік ізденістеріміздің босқа кетпегендігі деп білеміз. Бағзы замандағы тарихи жадымызды жаңғырту мақсатында жазылған «Үшінші алтын адам», «Түркістанның киесі тапталса», «Түркістанның жасын анықтап болдық па?» атты мақала-

лардың да бүгінгі жастарға айтары аз емес. Мәдениет тақырыбын қаузағанда да журналистік шеберлікке қатысты көптеген әдіс-тәсілдерді ортаға салуға тырыстық. «Адам және адами құндылықтар» атты соңғы бөлімнің мен үшін орны бөлек. Мұндағы жазбалар стилі жағынан көркем очеркке жақын ба деп ойлаймын. Бұл – менің өз пікірім. Ал әділ баға – тек оқырман пікірі ендігі ақиқат. Ендігі мақсат – осы төл туындыларым төңірегінде теориялық тұжырымдар жасай отырып, шәкірттеріме журналистиканың қыр-сырын өзінше үйрету болып табылады. Бәріне уақыт төреші, – дейді автор.

Бұл еңбектер тек теориямен шектелмей, практикалық әдістерге, салалық мамандану мәселесіне, журналистік этикаға бағытталған. Салалық журналистиканың маңызын күн тәртібіне шығарып, осы бағытта ой қозғауға, нақты қадамдар жасауға түрткі болатын еңбекті оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік.

«Журналистік шеберлік: Құқықтық журналистика». Тергеу, прокуратура, сот, адвокатура қызметтерімен қоса, әртүрлі сараптама қорытындыларын пайдалана отырып, сын мақала жазу, сөйтіп адам құқығын қорғауға атсалысу – жүрек қалауымен жүзеге асатын іс. Сондықтан хрестоматияның бұл алғашқы томына белгілі журналист-құқықтанушы С.Жұмабекұлының әр жылдары «Егемен Қазақстан», «Халық кеңесі», «Президент және халық», тағы басқа республикалық және халықаралық басылымдарда жарық көрген мақалалары топтастырылған. Кітапта сондай-ақ, құқық тақырыбына қалам тарту жолында кездесетін кедергілер мен журналистік шеберліктің қыр-сыры да танымдық-тәжірибелік тұрғыда сипатталған.

«Журналистік шеберлік: Әскери-экономикалық журналистика». Журналистің әскери өмір мен ел экономикасы жөнінде жазған мақалалары күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Екінші жинақтың осылай аталуы да сондықтан. Белгілі бір саланы терең әрі жан-жақты меңгерген журналист үшін басқа тақырыптарды игеру қиын емес. Себебі, салалық журналистика көбінесе талдамалы-сараптамалық журналистика мен журналистік зерттеулер сипатында жүзеге асады.

«Журналистік шеберлік: Ғылым, білім, әдебиет саласы». Бұл үшінші жинақ С.Жұмабекұлының республикалық басылымдарда жарық көрген мақалалары топтастырылып, оқырманды журналистік шеберліктің әр қырын талдап, танып-білуге де үйретеді.

«Журналистік шеберлік: Саяси-әлеуметтік журналистика». Аталмыш жинаққа автордың тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жарық көрген – саясат, әлеумет тақырыптарында жазған мақалалары енгізілген. Әсіресе, еліміздің тарихи кезеңдерінде билік тұтқасын ұстаған кейбір шенеуніктердің адами келбеті мен іс-әрекеттері әр қырынан сипатталған. Айта кетерлігі, бұл жинақта журналистің шеберлік жолында кездесетін қиындықтары жөнінде ойлары айтылған.

Ақпарат дәуірінде жәй жаңалық жеткізуден гөрі, сараптап, түсіндіріп, бағыт көрсету маңызды. Ол үшін салалық журналистиканы дамытпасақ, қоғам сапалы ақпаратқа зәру болып қала береді. Бұл – тек медиа саласының ғана емес, жалпы қоғамның интеллектуалдық деңгейіне тікелей әсер ететін мәселе. Аталған бағыттағы бастамаларға қолдау білдіру – уақыт пен қоғам талабы.



Биыл Алматыда білім беру мекемелерінің қауіпсіздігі мен цифрлануын қамтамасыз етуді көздейтін үш жылдық ауқымды бағдарлама аяқталды. Жаңа оқу жылы қарсаңында қалалық Білім басқармасының басшысы Сайран Сайфеденов Алматы мектептері мен балабақшаларындағы цифрлық және білім беру инфрақұрылымы қалай дамып жатқаны, жалпы, жаңа оқу жылына дайындық мәселесі жөнінде әңгіме тарқатты.

АЛМАТЫ



МЕКТЕПТЕРІ

жаңа оқу жылына дайын ба?

БАСТЫ МӘСЕЛЕ – БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Қазіргі таңда Алматыдағы барлық білім мекемелері жаңаша дамып, үлкен ізденіс үстінде. Бүгінгі күні қаладағы барлық мемлекеттік 216 мектеп пен 196 балабақша кешенді қауіпсіздік жүйесімен жабдықталса, мұндай жүйеге бейнебақылау, дабыл түймелері, кіріп-шығуды бақылайтын жүйелер мен өрт дабылы кіреді.

Білім мекемелерінің басты мәселесі – балалар өмірінің қауіпсіздігі. Сондықтан осы мақсат үшін білім беру мекемелерінің барлығына 21 106 цифрлық бейнекамера орнатылды. Бұл бейнебақылаулардың 12 450-і мектепте, 8656-сы балабақшада орналастырылды. Сондай-ақ, нысандарға түгелімен бір-бірден 412 дабыл түймесі қойылған. Мектепке кіріп-шығуды басқаратын, бақылайтын бірыңғай жүйе енгізіліп, балабақшаларға домофон орнатылған. Сонымен қатар, әр нысанда өрт дабылы жүйесі жұмыс істейді.

Алматы қаласында ел Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасына сәйкес, жан басына қаржыландыру есебінен 75 жаңа пәндік кабинет (химия, физика, биология, STEM және робототехника) сатып алу жоспарланған еді. Осы мақсатта ағымдағы жылдың 4 тамызында 41 кабинет толық жабдықталып, пайдалануға берілді, 24 кабинетті жеткізу жағы қолға алынды. Қазір 10 кабинетті жарақтандыру үшін байқау рәсімдері өтіп жатыр.

Сонымен қатар, Алматыдағы 216 мектеп 1095 мамандандырылған пәндік кабинеттермен жабдықталса, олардың 991-і жаңартылған үлгіде. Яғни бұл – мектептің жалпы санының 90,5%-ы. Осы көрсеткіштің өзі Алматы қаласының көш басында келе жатқанын көрсетеді. Алматыдағы барлық мектептер жылдам интернетпен қамтылған. Оптикалық-талшықты байланыс желісінің (ОТБЖ) арқасында 216 мектептің әрқайсысы секундына 100 Мбит жылдамдықпен желіге кіре алады. Интернет қауіпсіздігін арттыру мақсатында CGNAT (Carrier-Grade Network Address Translation) жүйесі енгізілді. Бұл жүйенің тиімділігі – тыйым салынған, террористік және басқа да қажетсіз ресурстарға кіріп-шығуды шектеуге мүмкіндік береді.

Алматы бүгінде мектеп пен балабақшада қауіпсіздікті, цифрландыруды және технологиялық жаңғыртуды қамтамасыз етудің кешенді тәсілін пайдалана отырып, қауіпсіз және технологиялық білім беретін мегаполиске айналды.

ШАҒАРДА 12 ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛАДЫ

Оқушы орнының тапшылығы еліміздің барлық өңіріне тән мәселе. Осы орайда Алматыда оқушы орнының тапшылығын азайту мақсатында білім беру мекемелерін жаңғыртуға бағытталған «Келешек мектеп-

тері» мен «1300 мектепті оңалту» ұлттық жобасы қолға алынған. Шағарда 1 қыркүйекте 12 жаңа мектеп ашылғалы отыр.

Жалпы, Алматы қаласы бойынша «Келешек мектептері» жобасы аясында 34,8 мың оқушыға арналған 21 мектеп салынып жатса, 13 мектептің құрылысы «Samruk-Kazyna Construction» компаниясының қатысуымен жүзеге асып жатыр. Осындай мектептің біреуі былтыр алғаш рет пайдалануға берілсе, осы оқу жылының алғашқы күні тағы 12 мектеп пайдалануға беріледі. Бұған қоса, қосымша тағы 8 мектеп жеке инвесторлардың қатысуымен «сатып алу» механизмі арқылы салына бастады. Соның ішінде екі мектеп биыл қыркүйекте іске қосылып, тағы екі мектеп 2025 жылдың желтоқсанында, қалған төртеуі жыл соңына дейін ашылмақшы.

«1300 МЕКТЕПТІ ОҢАЛТУ» ЖОБАСЫ

Бұл жоба аясында 2025–2027 жылдарға арналған Алматыдағы 31 білім беру мекемесінің тізімі жасақталған еді. Осы тізім бойынша биыл 15 мектепте, 2026 жылы – 9, 2027 жылы – 7 мектепте оңтайландыру жұмысы жоспарланған. Қазіргі таңда бес нысанда құрылыс пен қайта жаңарту жұмысы жүріп жатыр. Сонымен қатар, жергілікті бюджет есебінен «Зерделі» шағынауданында 550 орынды мектеп салына бастады. Ал Наурызбай ауданында 1200 орынды жаңа мектеп сатып алу жоспарланып, ол осы жылдың соңына дейін қолданысқа берілмекші.

Қазіргі таңда қалада 3 мыңнан астам оқушы орны құрылатын 13 мектеп пен 8 қосымша ғимаратқа сейсмикалық күшейту және қайта құру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұған қоса, кейбір нысандар толық жаңарып үлгерді. Құрылысы жүріп жатқан 4 мектеп оқу жылы басталысымен пайдалануға беріліп, жыл соңына дейін қосымша 8 мектеп аяқталады. Қалған 8 нысанның жұмысы 2026 жылы жалғасады.

Сонымен қатар, қазіргі кезде қаламыздағы 8 балабақша мен «Машина жасау және телекоммуникациялар колледжі» күрделі жөндеуден өтіп жатыр. Жыл сайын жүргізілетін ағымдағы жөндеу жұмыстары 188 мектепте, 48 балабақшада, 15 колледжде, 7 интернатта және қосымша білім беретін 4 мекемеде атқарылып жатыр. Бұл мақсатқа 1,8 млрд. теңге бөлінген. Сонымен қатар, барлық білім беру нысандарын жылыту маусымына даярлау жұмысы да аяқталып келеді. Жөндеу жұмыстары сәтті аяқталған 196 балабақшаның 188-і дайындық актісін алып, қалған нысандарда

жөндеу жұмыстары жалғасып жатыр. Жалпы, қаламыздағы 216 мектептің 203-і дайындықтан өтсе, қалған мектептердегі жұмыс аяқталуға жақын. Сонымен қатар, жөндеу жүріп жатқан 20 колледждің 19-ы дайын, қосымша білім беретін 19 мекеменің 17-сі қысқа толық әзір. Осылайша қаламыздағы барлық білім мекемесі тамыз айының соңына дейін жылыту маусымына дайын болғалы отыр.

КОЛЛЕДЖДЕРГЕ – 52 МЛРД ТЕҢГЕ

Алматыда техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) жүйесі қарқынды дамып келеді. Қазақстанда жарияланған «Жұмысшы мамандықтар жылында» осы мәселеге кеңінен көңіл бөлінді. Бүгінгі таңда қалалық ТЖКБ желісіне 88 колледж кірсе, оның ішінде 22-сі – мемлекеттік те, 66-сы – жекеменшік. Мұндағы 85 544 адамның 46 838-і мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алып жатыр.

Биыл, яғни 2025-2026 оқу жылына мемлекеттік грантқа 18 мыңнан астам өтініш түскен. Талапкерлерді қабылдау тамыз айының соңына дейін жалғасады. Қазіргі таңда қала колледждерінде болашақ мамандар 131 мамандық, 220 біліктілік бойынша білім алып жатыр.

Сонымен қатар, биыл колледждерді жаңғырту жағы да күшейтілді. «Жас маман» жобасы аясында 18 оқу орны құрал-жабдықпен жабдықталып, мемлекеттен 4,2 млрд. теңге жұмсалды. Сондай-ақ, биыл ағымдағы жөндеу жұмыстары үшін де 2,4 млрд. теңге бөлінді. Осы қаржының 170 млн. теңгесі 6 колледждің материалдық базасын жаңартуға жұмсалды. Қазір қалада бірқатар жаңа жоба қолға алынды.

Соның ішіндегі ең ауқымдысы – Алматы көлік және механика колледжінің жаңа ғимараты. Ол 1050 студентке есептелген, ішінде 120 орынды жатақхана болады. Тағы екі колледжде 300 орынды қосымша ғимарат салынады. Оларды қараша айының соңына қарай қолданысқа беру жоспарланған.

Бұған қоса, Алатау ауданындағы «Алғабас» ықшамауданында Инновациялық техникалық колледж құрылысы басталып кетті. Жоба аясында оқу корпусы, жатақхана, шеберханалар, спорт және демалыс алаңдары, толық инфрақұрылым салу көзделген. Құрылысы 2026 жылдың ақпанында аяқталады деп күтілуде.

Қалалық ТЖКБ жүйесіне бөлінген бюджет – 52,1 млрд теңге қаражаттың 679 млн. теңгесі тәлімгерлік бағдарламаларды дамытуға, WorldSkills чемпионатын

өткізуге, жатақхана күтімі мен колледждерді қаржылай қолдауға бағытталды.

Осылайша, қала көлемінде «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында жасалып жатқан іс-шаралар жастарға жаңа мүмкіндік ұсынып, еңбек нарығында сұранысқа ие кадрларды даярлауға жол ашып отыр.

«МЕКТЕП АВТОБУСЫ» ЖОБАСЫ

Алматыда «Мектеп автобусы» жобасы аясында автобустар мен рейстер саны қысқартылды, соған қарамастан ата-аналардың сұранысы мен қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, оқушыларды тасымалдау жағы әлі де жалғасатын болады.

«Біз мектептердің өтінішіне орай, автобустардың санын қысқарту туралы шешім шығардық. Дегенмен, оқушыларды тасымалдау жағын өтініштерді ескере отырып, сол күйі қалдырдық», – деді Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Сайран Сайфеденов.

Жалпы, бұған дейін осынау жоба аясында 55 мектеп анықталып, 10 180 оқушы қамтылған болатын. Оларды тасымалдау үшін 181 автобус бөлініп, олар күн сайын 897 рейс жасады. Мәселен, бір рейстің құны 20 орындық автобуска 27 423 теңге (646 рейс), ал 36 орындық автобуска 29 967 теңгедей (251 рейс) болды. Яғни жылына 4 млрд. 164 млн теңге қажет болған еді.

Алайда, биыл білім беру ұйымдарымен қосымша жұмыс жүргізіліп, нәтижесінде автобустар саны 49-ға қысқартылып отыр. Көлікті алып тастауға 24 мектеп өтініш берді. Қазіргі таңда қаладағы 44 мектептің 7532 оқушысы тасымалдаумен қамтылып, оларды 132 автобус жеткізетін болды. Осылайша күніне 663 рейс жасалса, бұл бұрынғыдан 234 рейске аз көрінеді.

Қала ішінде 2025 жылы 22 мектепте 5495 оқушыны тасымалдау үшін 92 автобус қажет болды. Осыған байланысты қалалық мобильділік басқармасы жаңа автобустар сатып алуды жоспарлап, жыл соңына дейін оқушыларды тасымалдау мен қамтуды 15 915 балаға жеткізді. Осы мақсат үшін 283 автобусты пайдалану керек еді. Алайда мектептердің өтініші мен жүргізілген оңтайландыру нәтижесінде бюджет шығындарын қысқартып, оқушыларды тасымалдау жүйесі сақталып қалды. Осылайша тасымалды ата-аналардың сұранысы мен мектептің қажеттіліктеріне сай ұйымдастыруға жол ашылып отыр.



ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

Көлік саласы:

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды шаһарда көлік жобаларының жүзеге асырылуын қатаң бақылауға алуды тапсырды.

Шаһар басшысы қаланың көлік инфрақұрылымын дамыту мәселесі бойынша кеңес өткізді. Жиында LRT, метро, BRT желілерінің құрылысы, сондай-ақ радиалды және магистральды жолдарды жүргізу жобалары қаралды.

Қалалық мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаев мәлім еткендей, қазір ұзындығы 32,5 шақырым болатын LRT желісінің техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленуде. Жобаға

сәйкес, Алатау ауданындағы индустриалды аймақта депо салынып, ол «Алматы-2» теміржол вокзалына дейін жалғасады. Сондай-ақ, Наурызбай ауданындағы «Барлық» базарымен және Құлжа тас жолы бойындағы «Шығыс» торабымен байланыс орнатылады. ТЭН қазан айында аяқталып, одан кейін ЕРС шарты аясында жобалау, құрылыс және жабдық сатып алу бойынша мердігер анықталмақ.

Метро құрылысына келсек, қазіргі желіні «Қалқаман» метро бекетінен «Барлық» базарына дейін ұзартуға арналған жобалық-сметалық құжаттама дайын. Бұл учаскеде 3 жаңа бекет қарастырылған. Құрылысты мемлекеттік сараптама қорытындысынан кейін бастау жоспарланған. Бұған қоса, «Жібек жолы» метро бекеті-

нен әуежайға дейінгі екінші желінің техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленуде. Ол да қазан айында дайын болады. Ал үшінші желі «Сайран» метро бекетінен Алатау қаласына дейін созылып, бұл бағыт бойынша да құжаттама әзірленуде.

«Қоғамдық көлікті дамыту – қала үшін басты басымдық. LRT, метро, BRT – стратегиялық жобалар. Олар сәтті жүзеге асса, қала тұрғындарының қозғалыс мүмкіндігі артып, экология жақсарады, демек өмір сапасы да көтеріледі. Біз жұмысты жеделдетуіміз керек. Әр күн қымбат. Сондықтан жобалау кезеңінен бастап пайдалануға берілгенге дейін барлық жұмысты өз бақылауымыз аламын», – деді Дархан Сатыбалды.

Кеңесте Жібек жолы – Райымбек батыр көшелерінде салынып жатқан BRT

желісі, «Алматы-3» теміржол вокзалының құрылысына дайындық барысы және магистральды әрі радиалды көшелерді жүргізу жұмыстары баяндалды. Сондай-ақ «Алғабас», «Шұғыла», «Ақжар», «Боралдай», «Жас қанат», «Рахат-Мәдениет», «Теректі» ықшамаудандарында жол салу мәселесі қаралды.

• Кеңес қорытындысында Алматы әкімі барлық жобалардың мерзімін қатаң сақтауды, құрылыс пен жобалауда сапаны қамтамасыз етуді тапсырды. Әр жоба бойынша нақты мерзімі мен жауапты орындаушылары көрсетілген жол картасын әзірлеу жүктелді.

«АҚШАМ–АҚПАРАТ».

ЗАМАНАУИ ТУРИЗМ

Құралай ЕСМҰХАНОВА:

МЕГАПОЛИС ШИПАЖАЙЛАРЫ

экологиялық әрі тұрақты болуы үшін автономды экожүйе ретінде жобалануы қажет

Жазғы демалыс аяқталғанымен, таудың самалы мен бұлақтың сыңғырына ұласқан, денсаулыққа күш-қуат сыйлайтын шипажайларға қызығушылық бәсеңдеген жоқ. Елімізде бұл сала жаңа қарқынмен дамып келеді. INK Architects жетекшісі, сәулетші Құралай Есмұханова Алматыдағы шипажайлардың өткені мен бүгініне тоқталып, олардың сәулеттік болашағы жайлы ойымен бөлісті.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

АЛМАТЫ — САУЫҚТЫРУ
ТУРИЗМІНІҢ ЖҮРЕГІ

Сарапшының дерегіне сәйкес, 2022 жылы Қазақстанда 172 сауықтыру орны болса, 2025 жылдың басында олардың саны 333-ке жетті. Үш жылдағы бұл өсім саланың ұлттық экономикадағы маңызын арттырды.

– Сауықтыру орындары санының екі есеге жуық өсуі қоғамда жаңа сұраныстың қалыптасқанын көрсетеді. Яғни адамдар демалыс пен сауығуға көбірек көңіл бөліп жатыр деген сөз. Демек, сәулетшілер ерекше маңызы бар жобаларды жасау кезінде ғимаратты салып қана қоймай, сол жердің тарихы мен мәдени ерекшелігін ескеріп, соған сай бірегей орта құру қажет. Қысқасы, өсіп жатқан бұл сала – сәулетшілерге инфрақұрылым салу емес, мәдениет пен



дәстүрді сақтап, ерекше құндылық қалыптастыру міндетін де жүктейді, – дейді Құралай Есмұханова.

Тянь-Шань тауларының етегінде орналасқан Алматы өзінің ерекше климаты мен табиғи жағдайларымен ежелден бағаланған. Бұл факторлар қала мен оның маңын сонау кеңестік кезеңде рекреациялық және сауықтыру инфрақұрылымын дамытудың логикалық орталығына айналдырды.

– Бір кездері мұнда майдандағы жауынгерлер оңалтуға жіберілсе, кейін еліміздің түкпір-түкпірінен азаматтар келіп емделіп, демалатын болды. Бүгін біз осы үрдістің жаңа толқынының куәсі болып отырмыз және сәулетшілер ретінде біз үшін оның бастауы мен болашағының мәнін түсіну маңызды, – дейді ол.

Сәулетшінің айтуынша, Алматыда шипажайлардың дамуына үш негізгі себеп әсер еткен. Біріншісі – табиғаттың сыйы. Таудың таза ауасы, минералды су көздері мен Алма-Арасанның шипалы бұлақтары адамдардың денсаулығына таптырмас ем. Осы ерекшеліктердің арқасында 1931 жылы алғашқы курорт ашылған. Ал 1974 жылы іске қосылған «Аққайың» шипажайында құрамында азот, йод пен бром бар минералды су ем ретінде қолданылған.

Екіншісі – әлеуметтік саясат. Құралай Есмұханованың сөзінше, кеңес дәуірінде шипажайлар халықтың денсаулығын сақтау мен аурудың алдын алу жүйесінің бір бөлігі болды. Үшіншісі – ұйымдардың қолдауы. Түрлі мекемелер өз қызметкерлеріне демалып, емделуге мүмкіндік жасады. Мәселен, Түрксіб теміржолы келген соң «Түрксіб» шипажайы ашылса, «Алатау» кешені (қазіргі «Swissôtel Wellness Resort Alatau Almaty») бастапқыда партия басшыларына арналған еді.

– Бұл дәстүр бүгін де жалғасуда. Көптеген кәсіпорындар мен мемлекеттік ұйымдар қызметкерлеріне шипажайға жолдама береді. Бұл өз кезегінде нарықтың дамуына серпін беріп отыр, – дейді сәулетші Қ.Есмұханова.

ҰЛТТЫҚ НАҚЫШ ПЕН
МОДЕРНИЗМ

1960–1980 жылдары Алматыдағы шипажайлар кеңестік модернизм үлгісінде бой көтерді. Дегенмен, сәулетшілер ұлттық өрнекке де мән берді. Неке сарайындағы сияқты сәндік мозаика, күмбез пішіндері киіз үйді еске түсіретін Арасан моншасы мен Қазақ циркі соған айқын мысал болды. Бұлардың барлығы ұлттық мәдениетке сілтеме жасап тұрды, – деп атап өтті сәулетші Құралай Есмұханова.

Маманның айтуынша, «Алатау» сауықтыру кешенін қайта жаңғырту кезінде Ink Architects тарихи құндылықтарды сақтап, заманауи сауықтыру туризмінің талаптарына жауап беретін стандарттармен үйлестіруге тырысқан. Бүгінде мұнда аквазона, спорт алаңдары, мейрамхана, конференц-залдар бар, ал интерьерде жергілікті мәдениетке сілтеме жасалған.

ЖАҢА ДӘУІРДІҢ ТАЛАБЫ –
ЭКОЛОГИЯ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ

- Алматыдағы жаңа шипажайлар экологиялық әрі тұрақты болуы үшін ішінара автономды экожүйе ретінде жобалануы қажет. Бұл – суды үнемдеу, энергияны тиімді пайдалану және табиғатпен үйлесімді шешімдерге негізделуі тиіс дегенді білдіреді.
 - Су ресурстарын басқаруда жаңбыр суын жинау, душ пен раковинадан шыққан шартты таза суды («сұр су», орысша – «серая вода») арнайы тазалаудан өткізіп, қайта пайдалану және тамшылатып суару әдісін енгізу.
 - Суды көп қажет ететін көгалдандырудың орнына құрғақшылыққа төзімді жергілікті өсімдіктерді пайдаланған жөн. Бұл тәсіл қаланың су жүйесіне түсетін салмақты азайтады.
 - Энергия тұрғысынан Алматы күн энергиясын тиімді қолдануға қолайлы аймақ. Сондықтан шипажайлардың бір бөлігі күн батареялары арқылы жұмыс істеуі керек. Сонымен бірге, ғимараттарды табиғи жарық пен жылуды барынша пайдалана отырып жобалау – энергия тұтынуы едәуір қысқартады.
- Құралай Есмұханова үш қағиданы ерекше атап отыр. Олар: табиғатпен үйлесім, қолайлы микроклимат құру және ұзақ мерзімділік. Оның пікірінше, кеңестік шипажайлар қазіргі «жасыл» стандарт-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бота ҚАСЫМБАЙ, қала тұрғыны:

ДЕМАЛА БІЛУ – НАҒЫЗ ӨНЕР

Биыл жазғы еңбек демалысында көпшілік шипажайларды таңдағанын байқадым. Расында да, мұнда әркім өзіне қажет тынығуды табады. Біреу емдік судың шипасын сезінеді, екіншісі табиғаттың әсемдігінен шабыт алады. Мәселен, жазушы жаңа шығармасының алғашқы жолдарын қағазға түсіруі мүмкін, суретші таудың көгілдір бояуын кенепке енгізеді, ал сазгер табиғаттың әуенімен үндесіп, жаңа өннің әуезін жазады. Тіпті, кәсіпкерлердің өзі ағаштың саясында болашақ жобаларының жоспарын құрып отырғанын көруге болады. Мен үшін шипажайдың әрбір сәті – саулық пен сергектіктің сыйы. Әр бөлмеде адамдардың қуанышы мен жаңарған ойлары сақталғандай... Өйткені, демала білу – өнер. Ел де көр, жер де көр, бірақ ең бастысы – денсаулық. Денің сау болмаса, қалғанының бәрі бос әурешілік. Сондықтан өзіңіз үшін уақыт тауып, мүмкіндікті жібермей, шипажайға барып тұрыңыздар.

тарға сәйкес келмесе де, олардағы қарапайымдылық пен табиғи контекстке құрмет бүгінгі жобаларға үлгі бола алады.

– Алматыдағы су тапшылығы, электр энергиясының үзілуі және климаттың өзгеруі жаңа шипажайларды қайта ойлауды қажет етеді. «Өткеннің даналығын болашақтың технологиясымен ұштастырғанда ғана өміршең әрі тұрақты нысандар салуға болады, – дейді сәулетші.

Шипажай саласының жаңғыруы – ел экономикасымен қатар, мәдени және табиғи мұраны қайта бағалау мүмкіндігі. «Сәулетшінің міндеті – Алматының ландшафты мен мәдени кодын сақтай отырып, тұрақты дамудың инновациялық технологияларын енгізу. Дәл осы синтез болашақ ұрпақ үшін құнды әрі өміршең нысандар жасайды», – дейді ол.

- Қорыта айтқанда, шипажайдың жаңа бейнесі – табиғатпен үндес, энергияда үнем. Бұл ұстанымдар жүзеге асса, Алматы тек шипалы аймақ қана емес, жасыл технологиялардың үлгісіне айналары сөзсіз...

Шығыс даналығы:

«БІР СУРЕТ МЫҢ СӨЗГЕ ТАТИДЫ»

Уақыт пен кеңістікті бір кадрға сыйғыза алатын тылсым өнер

Фотография – бұл уақыт пен кеңістікті бір кадрға сыйғыза алатын ерекше өнер, тарихи құжат, эмоция және естелік. Қазіргі қоғамда фотоөнер коммуникацияның, журналистиканың, маркетингтің, тарихтың басты құралдарының біріне айналды. Қолымыздағы смартфонның бір батырмасын басу арқылы біз сәтті сақтаймыз. Бір түймені басып, уақытты тоқтатамыз. Иә, бұл – фотографияның ғажайыбы. Бүгінде миллиондаған адам күн сайын миллиардтаған фото түсіреді. Бірақ сол суреттердің бәрі шын мәнінде жүрекке жете ме? Бәрі бірдей адамның өмірін, бір ұлттың тағдырын, бір дәуірдің үнін жеткізе ала ма? Әрине, жоқ.

Тарихтан қалған таңба

Фотография 1839 жылы ресми түрде өнер түрі ретінде танылды. Француз өнертапқышы Луи Дагер жасаған дагеротип процесі – адамзат тарихында алғашқы тұрақты фотосурет жасау әдісі болды. Сол уақыттан бері бұл сала қарқынды дамып келеді. Дагер мен Тальбот бастаған фотоөнер алғашында тек құжаттық мақсатта пайдаланылды. Ал бүгінде ол – өнер, ғылым, шындық пен эстетиканың тоғысқан тұсы.

XIX ғасырда фотография тек құжаттау құралы болса, XX ғасырда өнер мен өзіндік стиль қалыптасты. Анри Картье-Брессон – «кездейсоқ сәттің» шебері атанып, фотожурналистиканың негізін қалағандардың бірі болды. Ал Стив Маккарри өзінің әйгілі «Ауған қызы» фотосымен (1984) бүтін бір шындықтың айғағын паш етіп, бүкіл әлемнің жүрегін тебіrentті. Өйткені, көбісі бұл суретті жәй ғана портрет деп ойлағанымен, ол соғыстан қашқан баланың көзіндегі үрей мен үміттің символына айналғанын ешкім жоққа шығармайды. Ал Кевин Картердің «Бала мен құзғын құс» туындысы – ашаршылықтың үнсіз айқайы. Бұл суреттер адамзаттың жүрегін тебіrentіп, дүниетаным деңгейін кеңейтті.

Шындық пен әсердің арасында

Фотографияның қуаты – оның шынайылығында. Бір кадр соғыс, кедейлік, әділетсіздік немесе махаббат туралы мыңдаған сөзден артық жеткізе алады.

Мәселен, жоғарыда атап өткен Кевин Картердің 1993 жылы Суданда түсірген ашаршылықты бейнелеген «Бала мен құзғын құс» атты суреті оған Пулитцер сыйлығын алып келсе де, қоғамдағы реакция оны күйзелтіп, фотограф кейінірек өз-өзіне қол жұмсады. Ник Уттың 1972 жылғы «Napalm Girl» суреті Вьетнам соғысының қатыгездігін көрсетіп, АҚШ-тағы соғысқа қарсы қозғалысты күшейтті.

Бүгінде кез келген адамның қолында камера бар. Смартфон арқылы түсірілген фотолар Instagram, TikTok және басқа платформалар арқылы әлемге тарайды. Алайда, кәсіби фото мен жәй түсірілімнің айырмашылығы – ниет пен мазмұнда жатқандай. Фотография журналистикада шындықты жеткізеді, жарнама арқылы тұтынушыларды баурайды, өнерде автордың көзқарасын білдіреді.

Қазақстандағы фотоөнердің дамуы

Қазақстанда фотоөнердің тамыры тереңде жатыр. Кеңестік кезеңде-ақ көптеген кәсіби фотографтар өз қолтаңбасын қалдырды.

XX ғасыр басындағы этнографиялық экспедициялардағы С.М.Дудин, Н.Пантусов, А.Л.Мелков, Д.П.Багаев секілді фотографтардың коллекцияларын қазіргі Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік музейінде сақталған деректі фотожинақтар құрамынан табуға болады.

Кейінгі жылдары отандық фотография жаңа тыныс алуда. Осы орайда еліміздің фотоөнерін әлемге танытып жүрген Асылхан Әбдірайым, Ерболат Шадрахов, Шүкір Шахай, Тұрар Қазанғапов, Жеңіс Ысқабай, Сәрсенбек Қызайбек, Ерлан Омар, Айбек Аханов, Максим Рожин, Ақәділ Рысмахан, Алтынбек Қартабай, Сәби Маамеров, Мақсат Шағырбаев секілді фотографтардың өлшеусіз еңбегін айта кету керек.

Фотография – бұл тек бейне емес. Ол – көргенді байқау, сезімді жеткізу, қоғаммен үнсіз тілдесу. Әлем өзгергенімен, суретке түскен бір сәт мәңгі сол күйінде сақталады. Сондықтан әр кадр – тарих, әр фотограф – уақыттың куәгері.



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Әлеуметтік күшке ие тылсым құдірет

Фотографияның басты ерекшелігі – композиция, жарық, перспектива мен түс балансын нақты әрі үйлесімді пайдалану. Бұл элементтер суретке тек жан бітіріп қана қоймай, эмоция мен көркемдік мән береді. Мысалы, «алтын қима» (golden ratio) композициясы классикалық үйлесімге жету үшін қолданылады. Бұл тәсілді Ансель Адамс табиғатты түсірген пейзаждарында кеңінен қолданған. Кейбір фотографтар фотоны өнердің философиялық түрі ретінде пайдаланады. Мәселен, жапон фотографы Хироиши Сугимото уақыт пен кеңістік ұғымдарын қарапайым, бірақ терең кадрлар арқылы жеткізеді.

XXI ғасырда фотографияның рөлі тіптен артты. Қоғамдағы наразылықтар, экологиялық апаттар, әскери қақтығыстар – бәрі фотообъективке ілінеді. Жаһан жұртшылығы бір фотосурет арқылы оқиғаның бүкіл трагедиясын түсінеді. 1972 жылы түсірілген «Napalm Girl» суреті болмаса, Вьетнам соғысының қаншалықты қатыгез болғанын сезіне алмас едік. Сондықтан фотография тек өнер емес – ол әлеуметтік күш. Адам құқықтарын қорғау ұйымдары, әдетте, суреттерді қоғамдық қысым құралы ретінде пайдаланады. Мысалы, босқындар өмірі, климат дағдарысы, кедейлік секілді мәселелерді визуалды түрде жеткізу арқылы әлем назарын аударуға мүмкіндік туады. Көптеген қайырымдылық ұйымдар көңіл күйге әсер ететін суреттер арқылы қаражат жинайды. Қоғамдағы наразылықтар мен көтерілістердің де символын кейде бір ғана фотосуретке сыйғызуға болады.

Цифрлы дәуір және жауапкершілік

Цифрлы дәуірде күн сайын шамамен, 1,8 миллиард фото түсіріледі. Алайда, жасанды интеллект, deepfake, фоторедакциялау құралдары дамыған заманда фотографияның шынайылығы сынға түсе бастады. Сондықтан да кәсіби фотограф қана емес, кез келген адам ақпараттың тазалығы мен этикасын ойлауы тиіс.

Қазіргі таңда жасанды интеллект (AI) фотоөнерге айтарлықтай әсер етуде:

– AI көмегімен суреттерді редакциялау бұрынғыдан әлдеқайда жеңіл әрі тиімді;

– Deepfake және нейрожелілер арқылы жасалған «жалған фото» шын мен жалғанның арасындағы шекараны әлсіретуде;

– Әлемде AI-фотография байқаулары ұйымдастырылып жатыр (кейбір байқауларда AI туындысын адам еңбегі деп танып, жеңімпаз еткен жағдайлар да тіркелді).

Байқағанымыздай, бұл технологиялық серпіліс бір жағынан фотоөнердің мүмкіндіктерін кеңейтсе, екінші жағынан этикалық мәселелерді туғызуда.

ТҮЙІН: Фотография – қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді көтерудің, шындықты ашық жеткізудің және бейтарап үн қатудың ерекше құралы. Ол кедейлік, әділетсіздік, экологиялық дағдарыс, теңсіздік, қақтығыс сынды бірнеше көкейкесті тақырыптарды жұрт жүрегіне жеткізе алады. Демек, фотография – тек өнер емес, ол қоғамдық өзгерістерге жол бастайтын, адамдарды әрекет жасауға итермелейтін әлеуметтік қозғалыстың бір бөлігі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
«Фотоөнер» қоғамдық бірлестігі президентінің міндетін атқарушы, фотограф:

Фотографияның деректенуі – заңдылық

Қолына кәсіби фотоаппарат, я болмаса мықты смартфон ұстағандардың барлығы да – фотограф, фотожурналист емес. Түймені басып, қажет фотоны түсіре салу кәсіби мамандыққа жеттім дегенді білдірмейді. Мен айтқан мамандықтар бір-біріне өте ұқсас, бірақ бағыттары бөлек. Мәселен, фотограф – еркін, сондықтан әртүрлі портреттік, үйлену той, конференциялар, коммерциялық тапсырыстармен жұмыс істейді. Бірақ көбінесе тапсырыс берушінің талабына сүйенеді де, қойылымдық түсірілімдер жасайды, оны алдын ала жоспарлайды, барынша өңдейді. Ал медиада фотожурналистиканың рөлі маңызды. Бұл жерде ақпарат, фактілер, оқиғалар болады және оны шынайы жеткізу аса үлкен маңызға ие.

Әр адамның өзінің ұнататын сүйікті ісі болады. Менде бос уақыт бола қалса табиғатқа шығып, тау-тасты, өзен-көлді, шың-құзды, көкорай майса даланы аралап, суретке түсіріп қайтқан ұнайды. Еліміздің ғажайып тұмса табиғаты шығармашылығымға шабыт сыйлайды. Биік шыңдар тынысымды ашады. Сол мұзарт шыңдар секілді биікке ұмтылсам деймін. Жолдың реті түссе, Алатаудың мұз басқан шыңдарына барып, көрмеген биіктерді аралап, ондағы құбылыстарды суретке түсіремін.

Биыл 12 жылдан аса жинаған еңбегімнен тұратын «Алатауды аралағанда...» атты фотоальбомымды үш тілде шығардым. Шығару оңайға түскен жоқ. Кітап шығару ісінде ең қиыны фотоальбом жасау екен. Суреттер бояуының қанық шығуы, оның қағазы, дизайнерлік жұмыстары, жалпы барлығы қымбатқа түсті. Бұл еңбегімді жалпы географиялық тарих үшін есеп беру деп шештім. Өйткені, коммерциялық жоба бола алмады, соңында кітаптың шағын данасын өзім сатып алдым. Бірақ «Дарын» баспасы барынша қолдау көрсетті, болашақта тағы бір кітап шығаруға нақты бір сабақ алдым. Сондықтан табиғатты түсіріп, қаржыға кенеліп жатқаным жоқ. Бұл жеке энтузиазмнан туған шығармашылық еркіндік. Мүмкін алда өз бағасын да беріп қалар. Ақпарат заманында өмір сүріп жатырмыз ғой, ақпараттық кеңістіктің күшіне сенеміз!



Дана САДЫРҚАН.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ! 2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 4 айға – 2453,60 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 4 айға – 5262,48 (қала), 3213,60 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 4 айға – 1573,60 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы **«Almaty aqshamy»** газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Almaty aqshamy»** газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ӨТТИҢ, ДҮНИЕ!

ТАНЫМАЛ ЖУРНАЛИСТ ӨМІРДЕН ӨТТІ

Қазақ журналистикасы қара жамылды. Елімізге танымал журналист Айгүл Аханбайқызы өмірден өтті. Өмірінің соңғы минутына дейін қолынан қаламы түспеген әріптесіміз ұзаққа созылған қатерлі дертпен өмірінің соңына дейін күресті. Ол өмірді қатты сүйді. Содан да болар, дертіне шипа іздеп, ешқашан үмітін үзбеген еді. Әттең, аты жаман ажал ақыры арамыздан алып тынды. Қазақтың ардақты қызымен қоштасуға республикаға белгілі қаламгерлер арнайы келіп, соңғы сөздерін айтты. Қаралы жиында Мәдениет және ақпарат министрі А.Балаева мен бірнеше облыс әкімінің көңіл айту хаты оқылды.



Айгүл Аханбайқызы 1972 жылы Алматы облысы (бұрынғы Талдықорған облысы), Ақсу ауданы, Ойтоған ауылында туды. Ол 1989 жылы Алматы қаласындағы Ғабит Мүсірепов атындағы №86 қазақ орта мектебін тәмамдаған соң, 1990–1995 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде журналистика мамандығы бойынша білім алып, республикалық басылымдарда алғашқы еңбек жолын бастады. Студент кезінде Назгүл Халықова деген атымен танылған журналист Алматы облыстық «Жетісу» газетінде тілші болып еңбек жолын бастады. Ал кейін «Жас Алаш» республикалық қоғамдық-саяси газеті оны Айгүл Аханбайқызы есімімен елге танытты. Осынау жылдар ішінде қаламгер қыз «Қазақ әдебиеті», «Айқын», «Халық сөзі», «Егемен Қазақстан» сынды ұлттық басылымдарда бөлім редакторы, бас редактордың орынбасары, М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық театрында баспасөз қызметінің менеджері болып қызмет етті. «Қазақстан Республикасы Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісінің, «Құрмет» орденінің иегері. «Оқырман күткен әңгіме» атты кітаптың авторы.

Талантты әріптесіміздің халқына берері әлі де мол еді. Бергенінен берері, көргенінен көрері көп еді. Өмірінің соңына дейін қаламы қолынан түспеген қайратты қыздың дертіне өзі жанындай жақсы көрген баспасөз саласы ем болды. «Ақпарат айдынының Айгөлегі» атанған әріптес-құрбымыздың жатқан жері жұмақ болсын! Марқұмның әулетіне, туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

**«ALATAU AQPAPAT»
медиахолдингінің ұжымы.**

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- 1. Алматы қаласы Білім басқармасының «№15 гимназия» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Гоголь көшесі, 133-үй.
 - 2. Алматы қаласы Білім басқармасының «№24 лицей» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Гоголь көшесі, 187-үй.
 - 3. Алматы қаласы Білім басқармасының «Ілияс Есенберлин атындағы №25 гимназия» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қабанбай батыр көшесі, 128-үй.
 - 4. Алматы қаласы Білім басқармасының «№144 мектеп-гимназия» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Түркебаев көшесі, 93-үй.
 - 5. Алматы қаласы Білім басқармасының «№126 мамандандырылған лицей» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, «Ақсай-4» ықшамауданы, 66-үй.
 - 6. Алматы қаласы Білім басқармасының «№141 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, «Жетісу-2» ықшамауданы, 8 В үй.
 - 7. Алматы қаласы Білім басқармасының «№73 мектеп-гимназия» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Басенов көшесі, 14-үй.
 - 8. Алматы қаласы Білім басқармасының «Сүйінбай атындағы №143 мектеп-лицей» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Колпаковского көшесі, 26-үй.
 - 9. Алматы қаласы Білім басқармасының «№197 негізгі орта мектеп» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, «Сұлусай» ықшамауданы, Интернациональная көшесі, 7А үй.
 - 10. Алматы қаласы Білім басқармасының «№50 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Бурундайская көшесі, 44-үй.
 - 11. Алматы қаласы Білім басқармасының «№89 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.**
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Поддубного көшесі, 155-үй.
- Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары:** +7 707 358 32 42. Электрондық адрес: service.ok.2@mail.ru.
Толық ақпаратты www.aqshamnews.kz сайтынан оқыңыз.

ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУ

Сіздерді «Горизонт» инвестициялық жобасының – Алматы халықаралық әуежайын (АХӘ) жаңғыртуға арналған кешенді бағдарламасының қоршаған ортаға және әлеуметтік салпаға әсерін бағалау (ҚОӘСӘБ) бойынша қоғамдық талқылауға шақырамыз. АХӘ жаңғырту жобасы өткізу қабілетін арттыруға, қызмет көрсету сапасын сақтауға және тұрақты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған. ҚОӘСӘБ халықаралық стандарттарға сәйкес Mott MacDonald Ltd компаниясы және EcoSocio Analysts ЖШС қолдауымен дайындалды. **Күні мен уақыты: 2025 жыл, 7 қыркүйек, сағат 11.00.** **Өтетін орны:** Майлин көшесі, 42, Мәдениет үйі. Материалдар АХӘ ресми веб-сайтында және EcoPortal порталында орналастырылады. Пікірлер мен ұсыныстар 2025 жылғы 6 қазанға дейін ESdepartment@tavairports.onmicrosoft.com электрондық поштасы немесе +7 708 115 05 14 телефоны арқылы қабылданады.

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде тегін қызмет көрсететін орталық пен 8 777 890 89 00 «жедел желі» жұмысы іске қосылды. Орталықтың мекенжайы: Алматы қ., Нүсіпбеков к-сі, 32, 1-қабат, 106-кеңсе.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

АКЦИЯ

Медеу ауданы:

ЖАҢА КЕЛБЕТ

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында Медеу ауданы жаңа келбетке ие болып келеді. 2025 жылы осы мақсатта 17,1 млрд. теңге бөлінген. 2022 жылдан бері қаржыландыру 2,6 есеге артқан. Осы кезеңде жалпы құны 39,1 млрд теңгені құрайтын 938 жоба іске асырылды.

 Ернұр РЫСБАЙ

Өткен жылы ауданда «Халық қатысатын бюджет» қаржыландыруы 25%-ға өсіп, 1,6 млрд. теңгеден 2 млрд. теңгеге жетті. Айта кетейік, 2024 жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында ауданда 34 жоба жүзеге асырылған. Қаржыландыру көлемінің артуы және тұрғындардың белсенді қатысуы (2023 жылы дауыс беру 2022 жылмен салыстырғанда, 22%-ға өсті) «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының тиімділігін көрсетеді.

«Бағдарлама аясында абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Жөндеу барысында аулада кіші архитектуралық нысандар орнатылып, футбол алаңы салынды. Айналаға жасыл желек отырғызылып, автоматты суару жүйесі қойылды. Балалардың қауіпсіздігі үшін резеңке жабынды төселді. Жоба бастамашысы – аудан тұрғындары. Олар эскиздік жобаны әзірлеп, бағдарламаға қатысуға өтінім бер-



ген. Бұл аулада 20 жылдан астам уақыт тұрып келе жатқан тұрғындар өз мүлкіне ұқыппен қарайды», – деді Медеу ауданы әкімі аппаратының коммуналдық шаруашылық бөлімі бас маманы Алмас Серіков. «Ауламызда жөндеу жұмыстары 2024 жылдың қыркүйегінде басталды. Бұған дейін өз күшімізбен абаттандыруға тыры-

сып, ағаш отырғызғанбыз. Ол кезде ауламыз қараусыз, топырағы қопарылып жатқан еді. Аудан әкімдігіне үлкен алғыс айтамыз, көп көмектесті. Арнайы бағдарламаға қатысып, тұрғындарымыз да қолдау көрсетті. Енді бәріміз риза болып отырмыз. Әрине, ауа райына байланысты жұмыстар сәл созылды, бірақ негізгі ша-

руа былтыр аяқталды. Қазір ауламызда балалар мен спорт алаңы бар. Сондай-ақ, балалар туған күндерін атап өтетін орындық қойылған күрке орнатылды», – деді ауланың басқарушысы Евгений Закржевский.

«Мұндай абаттандырылған ауланың болғанына бәріміз өте қуаныштымыз. Себебі, тұрғындардың барлығы бұл іске мүдделі болды. Жоба әзірлеу кезінде әрқайсысы өз үлесін қосты. Аудан әкімдігінің қолдауымен осындай әсем аулаға қол жеткіздік. Үлкен еңбегі үшін ауламыздың басқарушысы Евгенийге алғыс айтамыз. Ол әрқашан тазалық пен тәртіпті қадағалап жүреді. Қазір автоматты суару жүйесі орнатылды. Бұрын Евгений ағаштар мен гүлдерді суару үшін шелекпен су таситын», – деді аула тұрғыны Гүлзара Мұқатаева.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы мегаполисті көркейту ісінде билік пен халықтың серіктестігінің нақты үлгісіне айналды. Мәселен, Алатау ауданындағы «Қарасу» шағынауданында Бағаналы орда көшесінің бойында жақында ашылған саябақ бүгінде маңайдағы тұрғындардың бас қосатын сүйікті орнына айналды.



ЖАСЫЛ ҚАЛА

Алмалы ауданы:

МӘДЕНИ МЕКЕН

Жаңарған сквер тұрғындарға шаттық сыйлады

Абылай хан даңғылы бойындағы Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрына қарама-қарсы орналасқан Амангелді Иманов атындағы сквер жаңа тыныс алды.

 Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Соңғы рет 2017 жылы жаңғыртудан өткен демалыс орны биыл үш айлық ауқымды абаттандырудан кейін заманауи келбетпен қайта ашылды. Енді сквер алматылықтарға әсемдігімен көз тартатын, жайлылығы мен тыныштығын ұсынатын мәдени демалыс кеңістікке айналды.

Жаңарған саябақ пен театрдың үйлесімі қалаға ерекше мәдени реңк береді. Көрермендер қойылымнан шыққан соң бірден саябақта серуендеп, табиғат аясында демала алады. Әсіресе, сквердің ортасындағы шағын тоғанда жайқалып тұрған тұңғыық гүлдері ерекше сән беріп тұр. Су бетінде қалқып тұрған нәзік ақ гүлдер мен жалпақ жасыл жапырақтар тыныштық пен жарасымның символындай әсер қалдырады. Ал бұл айтулы гүл көп елдерде тазалық пен сұлулықтың, рухани тазарудың белгісі ретінде қабылданады. Сондықтан тұңғыықтың бұл жерде бой түзеп өсуі скверге табиғи сұлулық қана емес, терең мағына да үстеп тұр. Өнер мен



Суретті түсірген САМАТ СЕРІКБАЙҰЛЫ.

табиғаттың осындай үндестігі алматылықтарға қуаныш пен шабыт сыйлап отыр. Алмалы ауданы әкімдігі ұсынған мәліметке сәйкес, 1,7 гектар аумақты алып жатқан саябаққа ауқымды абаттандыру жұмыстары жүргізілген. Жаңа ірі форматтағы брусчатка төселіп, қолданыстағы төсемдер жөнделген. Заманауи орындықтар, қоқыс жәшіктері барлығы өз орындарын тауыпты. Жаңа бақта балаларға арналған ойын алаңдары мен инклюзивті орындар да қарастырылған. Жарық шамдары түгел ауыстырылыпты. Көгалдандыру аясында

10 липа ағашы, мыңнан аса көпжылдық бұта мен түрлі- түсті гүлдер егілді, декоративті тоған салынған. – Бұл сквер ең алдымен тұрғындардың жайлы демалысы үшін жасалған. Әсіресе, кешкі серуенге таптырмас орынға айналды. Мұнда 28 орындық орнатылып, 28 қоқыс жәшігі қойылған. 65 дана шам ауыстырылды. Көгалдандыру жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп, ағаштар отырғызылды, 102 м2 алаңға гүл егілді, – дейді Алмалы ауданы әкімдігі инженерлік және жол инфрақұрылым бөлімінің бас

маманы Айдар Ибрайым. Тұрғындар әкімдік жүргізген жүйелі жұмыстың арқасында қаланың ажары артып, өмір сүру сапасы жақсарғанын айтады. Әлеуметтік желілерде де алматылықтар жаңарған саябақтың әсем жерлерінің суреттерімен бөлісіп, қала басшылығына алғыс жаудыруда. Жаңарған саябақ Алматының мәдени өміріндегі тың серпіліс. Саябақ қала тұрғындары үшін алғыс пен қуанышқа толы жаңа мәдени мекенге айналғанына біз де қуанып жатырмыз.

ТҰРҒЫНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Айналасын қызыл-жасыл гүл көмкерген әсем бақ алматылықтардың да жүрегіне жол тапқан



Айбике Бектұрсын-Өтеу:

– Жарық орнатылып, орындықтар көбейді. Балалар алаңы көңілге қонымды. Бұрын мұнда уақыт өткізу ыңғайсыз еді, қазір балам ойнайды, біз тынығамыз. Рахмет!



Тимур Садықов:

– Жаңа гүлдер мен жасыл желектер көздің жауын алады. Әсіресе тоған ерекше әсер қалдырды. Халық үшін мынадай тамаша демалыс орнын сыйлаған басшыларға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Қараңызшы, театрдың іргесіндегі мынау әсем бақ қалаға жаңа мәдени оазис сыйлап тұр!



Бақытгүл Серімбетова:

– Өте тамаша, ерекше! Әсіресе тоған үстіндегі гүлдер көздің жауын алады. Мұндай демалыс орны қалаға керік беріп тұр. Бұрын Алматыда сылдырап су аққан бұлақтар көп болатын, қазір соның орнын осындай скверлер толтырып жатыр. Бұл – демалысқа да, серуендеуге де таптырмас жер.